

**Қызылорда облысының білім басқармасының
«Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің
№97 орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша
АНЫҚТАМАСЫ**

I. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы.

1	Білім беру ұйымының толық атауы: «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №97 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2	Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жерінің мекен-жайы): Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Аранды ауылы, Н.Қазақбайұлы көшесі, №2А пошта индексі 120411
3	Заңды тұлғаның байланыс деректері: (телефон, электронды почта) Байланыс телефоны: 8(724 38) 34-9-34 Электронды поштасы: kazaly_97@mail.kz Мектеп сайты: – https://97mektep.edu.kz/kz/
4	Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә және лауазымға тағайындау бұйрығының көшірмесі қоса беріледі): Алуашова Алмагул Тлеужановна , 87786919574, alma23015@mail.ru . Лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың берілген күні: 11.06.2018 жыл бұйрық №234
5	Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары: Мектеп заңды тұлға ретінде Қызылорда облысының Әділет департаменті 2021 жылдың 21 қаңтарда мемлекеттік қайта тіркеуден өткен. БСН 971240002869. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні: 1997 жылғы 25 желтоқсан. Құрылтайшылар: «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Қызылорда облысы білім басқармасының Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№97 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысы Қызылорда облысының қаржы басқармасының 2021 жылғы 15 қаңтардағы №122 бұйрығымен бекітілген.
6	Білім беруге құқықтық лицензия: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Қызылорда облысының білім саласындағы бақылау департаменті. Лицензия №14002715, лицензия берілген күні: 28.02.2014ж. Қызылорда облысы білім басқармасының Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№97 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2015 жылы жаңа ғимаратқа көшірілді.

2.Кадрлық құрамға талдау.

Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – Біліктілік талаптары) сақтау.

Талдау нәтижелері:

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 7 – қосымшасына сәйкес бағаланатын кезеңдер бойынша «Педагог кадрлармен жасақталғандығы туралы мәліметтер» кестесі толтырылған. ҚР оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог – сарапшылардың, педагог – зерттеушілердің, педагог – шеберлердің бастауыш, негізгі орта және

жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санына бағаланатын кезеңдер:

2022-2023 оқу жылында бастауыш сыныптарда педагогтердің жалпы үлесі 75%,
5 – 11 сыныптар бойынша 57,1% құрайды.

2023-2024 оқу жылында бастауыш сыныптарда педагогтердің жалпы үлесі 62,5%,
5 – 11 сыныптар бойынша 55,5% құрайды

2024-2025 оқу жылында бастауыш сыныптарда педагогтердің жалпы үлесі 57,1%,
5 – 11 сыныптар бойынша 57,6% құрайды

Педагог кадрлардың сапалық құрамы және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары нормативтік құқықтық базаға сәйкес келеді (7-қосымша, дипломдардың және оларға қосымшалардың көшірмелері, біліктілік санатының деңгейін жоғарылату /растау туралы куәліктер, педагогтер мен басшының біліктілігін арттыру туралы курстардың сертификаттары, 2022 жылғы қыркүйек - 2024 жылғы қыркүйекке арналған штаттық кестесімен тарифтеу тізімі электрондық форматта қоса берілді).

Жалпы барлық мұғалім саны бойынша негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің педагогтердің жалпы санынан үлесі

Оқу жылдары	Барлық мұғалім саны	Білімі бойынша			Санаттары бойынша								Үлесі
		Жоғары	Арнаулы	Үлесі	Жоғары	Педагог-	I санат	Педагог-	II санат	Педагог-	Педагог	Санатсыз	
2022-2023	36	36		100%		5	2	1 5	2	6	5	1	61,1%
2023-2024	35	35		100%		6	1	1 3	1	10	4		57.1%
2024-2025	33	33		100%		5	1	1 3		10	4		57,5%

Бастауыш сыныптар бойынша негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі

Оқу жылдары	Барлық мұғалім саны	Білімі бойынша			Санаттары бойынша								Үлесі
		Жоғары	Арнаулы	Үлесі	Жоғары	Педагог-	I санат	Педагог-	II санат	Педагог-	Педагог	Санатсыз	
2022-2023	8	8		100%		1	1	4	1	1			75%
2023-2024	8	8		100%		1		4		2	1		62,5%
2024-2025	7	7		100%		1		3		3			57,1%

5-11 сынып бойынша негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі

Оқу	Барлық	Білімі бойынша	Санаттары бойынша	Үлесі
-----	--------	----------------	-------------------	-------

жылдар ы	мұғалім саны	Жоғары	Арнаулы	Үлесі	Жоғары	Педагог- ...	I санат	Педагог-	II санат	Педагог-	Педагог	Санатсыз	
2022-2023	28	28		100%		4	1	11	1	5	4	1	57,1%
2023-2024	27	27		100%		5	1	9	1	7	2		55,5%
2024-2025	26	26		100%		4	1	10		7	2		57,6%

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 44-бабының 5-тармағына, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім, ғылым саласындағы басқа да азамат қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы №561 бұйрығы мен «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2022 жылдың 5 тамыздағы №22 санды бұйрығына сәйкес мектеп басшысы А.Алуашоваға «Басшы-ұйымдастырушы», мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Жәдиге «үшінші санатты басшының орынбасары» біліктілік санаты берілген. Директордың бейінді оқыту жөніндегі орынбасары Н.Дошымбетов лауазымдық өтілі – 2жыл 6 ай, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Тағыбай лауазымдық өтілі – 2 жыл. 2022-2023 оқу жылында 7 педагог біліктілік санатын алды.(зерттеуші-1, сарапшы-2(растау), модератор-4). 2023-2024 оқу жылында 7 педагог аттестаттаудан өтті. (зерттеуші - 2(растау), сарапшы-3(1-растау), модератор -2.). 2024-2025 оқу жылында мерзімі келген 5 педагог аттестаттаудан өтуге өтініш берді. Бағалау кезеңінде 5 жыл сайын біліктілік арттырмаған педагог жоқ.

2024-2025 оқу жылында диплом бойынша мамандықтың оқытылатын пәндерге сәйкестігін талдау келесі нәтижелерді көрсетті: барлық 33 педагог (1 тәлімгер, 1 психолог) тиісті мамандықтары бойынша сабақ береді.

Соттылықтың жоқтығы туралы 32 педагог - қызметкерлердің анықтамасы бар. 1 педагог (тәлімгер) бала күтіміне байланысты демалыста отыр. Анықтамалар жаңартылады, жұмысқа қабылдау кезінде әрбір жаңадан келген қызметкерден осы құжат талап етіледі.

Жасалған шарт негізінде мектептің педагогикалық ұжымы жыл сайын Қазалы ауданының емханаларында уақытылы медициналық тексеруден өтеді.

Үш жылда бір реттен сиретпей біліктілік арттыру курсынан өткен педагогтар:

2022-2023 оқу жылында пән бойынша -11, жаһандық құзіреттілік -2, менеджмент -2, сынып жетекшілік -2, инклюзивті білім беру-5, психолог-1, барлығы 23 педагог курстан өткен.

2023-2024 оқу жылында пән бойынша -18, жаһандық құзіреттілік -1, менеджмент -1, тәрбие бағытында -2, тәлімгерлік-1, барлығы 23 педагог курстан өткен.

2024-2025 оқу жылының басында пән бойынша -1,инклюзивті оқыту-1, эмоциональды интеллект -1,барлығы 3 педагог курстан өтті. Педагогтардың біліктілік арттыру курсынан өтуінің 3 жылдық мониторингі, перспективалық жоспары жасалған.

Қорытынды: . Талаптарға сәйкес келеді. ҚР оқу – ағарту минитсрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог – зерттеушілердің, педагог – шеберлердің, педагог – сарапшылардың бастауыш , негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан

үлесі 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бойынша 60,7% құрайды.

Білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың аудандық және/немесе облыстық кезкендерінің жеңімпаздарын және/немесе республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер туралы мәлімет.

2022-2023 оқу жылында кәсіби сайысқа қатысқан,жүлдегер болған педагогтар:

АӘЖТД пәнінің мұғалімі Ахша А.- «Педагогикалық идеялар понарамасы» байқауының облыстық кезеңінде І орын, республикалық кезеңінде ІІ орын және Әскери-қолданбалы спорт түрлерінен облыстық байқауда ІІІ орын. Автоматты бөлшектеп,жинақтаудан Аудандық І орын.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Жәди А. «Үздік оқу ісі жөніндегі орынбасар» аудандық байқауынан Алғыс хат. «Үздік жыл мұғалімі -2022» аудандық байқауында география пәнінің мұғалімі Г.Қуаңбай ІІІ орын, тарих пәнінің мұғалімі Г.Әжібай Алғыс хат.

«Практикалық жұмыстар -2023» аудандық байқауында информатика пәнінің мұғалімі Г.Серғалиева ІІ орын, Биология пәнінің мұғалімі А.Әбдібай Алғыс хат, Химия пәнінің мұғалімі Д.Дәрменқұлова ІІІ орын,география пәнінің мұғалімі Г.Қуаңбай І орын, физика пәнінің мұғалімі А.Жолдасов ІІІ орын иеленген.«Үздік жас маман-2023» аудандық байқауында химия пәнінің мұғалімі Д.Дәрменқұлова Алғыс хат.Н.Жаңабергенова аудандық «Ахмет Байтұрсынұлы және Алаш тағылымы» ғылыми-тәжірибелік конференциядан Алғыс хат. Көркем еңбек пәнінің мұғалімі М.Спандиярова аудандық «Идеялар алаңы» байқауынан Алғыс хат. «Үздік математика пәнінің мұғалімі-2023» аудандық байқаудан математика пәнінің мұғалімі Р.Аяпова Алғыс хат.

Мұғалімдер сонымен қатар білім алушыларды білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың аудандық және/немесе облыстық кезеңдеріне қатыстырып, жүлдегер оқушылар шығарған. **Пәндік олимпиадалар бойынша:**

9-11 сыныптарға арналған республикалық пәндік олимпиаданың аудандық кезеңінде информатика пәнінен 10-сынып оқушысы Бақтілеу А. Алғыс хат(жетекшісі Г.Серғалиева), тарих пәнінен 11-сынып оқушысы Алдажар Л. ІІІ орын (жетекшісі Реш Б.), ағылшын тілі пәнінен 11-сынып оқушысы Г.Едіге Алғыс хат(жетекшісі С.Наурызбай).

5-6 сыныптарға арналған республикалық пәндік олимпиаданың аудандық кезеңінде қазақ тілі пәнінен 6-сынып оқушысы Д.Туленгит ІІІ орын(жетекшісі Т.Жиенәлі). Юниорлық олимпиаданың аудандық кезеңінде физика пәнінен Н.Рутел Алғыс хат(пән мұғалімі А.Жолдасов), химия пәнінен 7-сынып оқушысы М.Қасқырбай ІІ орын(пән мұғалімі Д.Дәрменқұлова) иеленді.

«Зерде» ғылыми жобалар байқауының аудандық кезеңінде 7-сынып оқушысы Н.Базарбай ІІ орын(жетекшісі Г.Әжібай),7-сынып оқушысы Ү.Алдажар ІІІ орын(жетекшісі Г.Серғалиева)

«Дарын» ғылыми жобалар байқауында 10-сынып оқушысы А.Мамытова Алғыс хат (жет. Г.Серғалиева)

2023-2024 оқу жылында кәсіби сайысқа қатысқан,жүлдегер болған педагогтар:

АӘЖТД пәнінің мұғалімі Ахша А.- «Педагогикалық идеялар понарамасы» байқауының облыстық кезеңінде ІІІ орын, «Жас мерген-2023» облыстық байқауында ІІІ орын. Команда жетекшісі. «АК-74 оқу қаруын толық емес бөлшектеу және жинақтау» аудандық сайысында І орын.

Реш Б. «Үздік қосымша білім беру маманы- 2023» аудандық байқауынан Алғыс хат.

«Практикалық жұмыс -2024» аудандық байқауында қазақ тілі пәнінің мұғалімі Г.Өтебәлі ІІІ орын, Химия пәнінің мұғалімі Д.Дәрменқұлова І орын,орыс тілі пәнінің мұғалімі Г.Смагулова І орын, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі А.Өткелбай Алғыс хат иеленген.

«Пед старт» қашықтық олимпиадасынан бастауыш сынып мұғалімі А.Жәди І орын,қазақ тілі пәнінің мұғалімі Ә.Ұзақбай ІІІ орын, орыс тілі пәнінің мұғалімі Г.Смагулова ІІ орын.

Мұғалімдер сонымен қатар білім алушыларды білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың аудандық және/немесе облыстық,республикалық кезеңдеріне қатыстырып, жүлдегер оқушылар шығарған. **Пәндік олимпиадалар бойынша:**

География пәнінен 7-8 сыныптарға арналған республикалық ұлттық олимпиаданың аудандық

кезеңінде 7-сынып оқушысы Туленгит Д. III орын, 8-сынып оқушысы Алдажар Ү. II орын иеленген. (пән мұғ. Г.Қуаңбай) 9-11 сыныптарға арналған республикалық пәндік олимпиаданың аудандық кезеңінде география пәнінен 11-сынып оқушысы Мамытова А. III орын(пән мұғалімі Г.Қуаңбай) , биология пәнінен 9-сынып оқушысы Қарасай И. III орын. (пән мұғалімі Әбдібай А.). 5-6 сыныптарға арналған республикалық пәндік олимпиаданың аудандық кезеңінде қазақстан тарихы пәнінен 6-сынып оқушысы Балтабай А. Алғыс хат (пән мұғалімі Әжібай Г.). 7-8 сыныптарға арналған республикалық пәндік олимпиаданың аудандық кезеңінде химия пәнінен Ерполат А. II орын(пән мұғалімі Д.Дәрменқұлова), 8-сынып оқушылары Дәуренбекқызы Ш. Биология пәнінен III орын (пән мұғалімі А.Әбдібай), Қарасай А. Қазақ тілі пәнінен Алғыс хат (пән мұғалімі Өтебәлі Г.), Базарбай А. қазақстан тарихы пәнінен II орын (пән мұғалімі Г.Әжібай).

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша Қ.О.Бітібаева атындағы олимпиаданың аудандық кезеңінде 10-сынып оқушысы Жақсылық Т. III орын иеленген (пән мұғалімі Өтебәлі Г.).

«Зерде» ғылыми жобалар байқауының аудандық кезеңінде 7-сынып оқушылары: Туленгит Д. III орын(жетекшісі Спандиярова М.), Маратқызы Ж. Алғыс хат (жетекшісі Г.Серғалиева), Ерполат А. Алғыс хат(жетекшісі Ж.Жолдасова), 5-сынып оқушысы Саматқызы А. III орын (жетекшісі Өтебәлі Г.)

2022-2025 жылдар аралығындағы мұғалімдер жетістігі

Р/с	Мұғалімнің аты-жөні	Кәсіби байқау, пәндік олимпиадалар, оқушыларға арналған сайыстар, байқаулар		
		Аудандық	Облыстық	Республикалық
1	Алуашова А (директор, бастауыш)	➤ 2022 жылы «Тәуелсіз ел болашағы – білімді ұрпақ» тақырыбындағы облыстық дебат турнирінің аудандық кезеңінде III орын «Ең мақсатты ойыншы» Дипломы ➤ 2024 жыл «Бір мектеп -бір жоба» атты облыстық байқаудың аудандық кезеңінде «Алғыс хат»	➤ 2024 жыл «Тиімді бақылау: сапалы білім берудің негізгі құралы» атты облыстық семинар «Алғыс» хат	
2	Жәди А (оқу орынбасары, бастауыш)	➤ «Үздік оқу ісі жөніндегі орынбасар-2022» Алғыс хат ➤ «DIGITAL KAZAKHSTAN:ЖАҢА ЗАМАНДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ»Тамыз кеңесінде тәжірибе таратқаны үшін Алғыс хат,2024ж. ➤ «Үздік оқу ісі жөніндегі орынбасар-2024» III орын	➤ 2024 жыл «Тиімді бақылау: сапалы білім берудің негізгі құралы» атты облыстық семинар «Алғыс» хат	➤ 2023«Педстарт» I орын ➤ 2024ж.Ақбота" зияткерлік олимпиадасы Әзірбай А III орын, Әзілхан Н.II орын.
3	Тағыбай Нұрғиса Ерболатұлы (тәрбие орынбасары, көркем еңбек)	➤ Аудандық " Пән мұғалімдері олимпиадасы -2022" олимпиадасынан II- орын ➤ 2021жылы Қ Р Тәуелсіздігінің 30 ж мерекесіне орай " Тәуелсіздік жұлдыздары республикалық сайысынан оқушылары Алпысбайұлы Н II-орын, Наурызбай I орын, Абай С I-орын жетекшісі Тағыбай Н "Құрмет грамотасы". ➤ 2023 ж Аудандық мәдениет бөлімі ұйымдастырған "Суретті сөйлеткен қылқалам" байқауынан оқушысы Қарасай И " Диплом" .	➤ Облыстық "Рухани жаңғыру" бағдарламасы аясында өткен "Қылқалам бейнелеген қазақылық" байқауынан оқушылары Ерболат А, Серізбай А, Қарасай И, Базарбай Г " Алғыс хат" ➤ 2023 жыл Облыстық ғылыми жобалар байқауынан "Этномәдениеттану бағыты бойынша оқушысы Ерғалиұлы Ә III-орын ➤ 2024 ж Облыстық ғылыми жобалар байқауының "Алтын қазына" секциясы бойынша оқушысы Ерболат А III- орын.	➤ 2023ж Республикалық "Бояулар құпиясы " байқауынан оқушылары Қарасай И , Халық Н, Серізбай А I-орын, жетекшісі Тағыбай Н " Алғыс хат"
4	Реш Баршагүл (қосымша білім беру маманы, тарих,құқық)	➤ 2022 ж Бақтілеу Айжан құқық пәні, аудандық олимпиада I орын ➤ Алдажар Л. Ауд.пән олимпиадасы. III орын ➤ 2023 ж аудандық "Тарихи шәжірем. Менің тегімнің тарихы" III орын Ерғалиұлы Ә ➤ 2023 жыл аудандық "Менің шағын Отаным" алғыс хат Ерғалиұлы Ә ➤ 2023 құқық пәнінен Алдажар Л.	➤ 2022 ж Бақтілеу Айжан құқық пәнінен пәндік олимпиаданың облыстық кезеңі Шорын .	➤ 2023 жыл обл. "Туған өлке тарихы" респуб. форум. Ерполат А. III орын

		ауд.пән олимпиадасы ІІІ орын, Алдажар Л. ➤ 2023 жыл ауд."С.Нұртаев олимпиадасы" Алдажар Л ІІІ орын ➤ 2023 жыл ауд. «Үздік қосымша білім беру маманы-2023» алғыс хат		
5	Дошымбетов Нурмагамбет (бағдарлы орынбасары, дене шынықтыру)	➤ 2024 жылы Аудандық "Экология, энергетика,экономика" экологиялық креативтік жобалар сайысынан Дошымбетов Н "Мақтау қағазы"		
6	Жолдасов Асқар (ұйымдастырушы, физик)	➤ 2022 жыл "Жұлдыз болғым келеді." "Сурет салу" номинациясы ІІ орын ➤ 2023 жыл Юниорлық олимпиада Аудандық «Алғыс хат» 7 сынып оқушысы Рутел Назым ➤ "Практикалық жұмыс-2023" Аудандық ІІІ орын ➤ «Үздік ұйымдастырушы-педагог - 2024» Алғыс хат.		
7	Жукеев Нуртай (әлеуметтік педагог, бастауыш)	➤ 2022ж. "Ы.Алтынсариннің педагогикалық мұрасы: зерттеулер, тәжірибе, нәтиже" ауд.педагогикалық байқауы "Алғыс хат"		2024ж.Ақбота" зияткерлік олимп. Әзірбай А ІІІ орын, Әзілхан Н.ІІ орын
8	Ұзақбай Алима (қазақ тілі мен әдебиеті)	➤ 2022 жыл "Ер Едіге" жырын жатқа айту сайысы Жанғазы Н, Алдажар Л «Алғыс хат» ➤ 2023 жыл ауд."Әдеби коктейль" байқауы Жанғазы С. Порын Жайылхан М. ІІІ орын, Жақсылық Н ІІІ орын ➤ 2023 жыл "Жыр алыбы-Жамбыл" қашықтық байқауынан Жайылхан М І орын, Төленгіт Д. І орын ➤ 2024 жыл ауд."Сәкен оқулары" байқауы Жанғазы С « Алғыс хат» ➤ 2024 жыл "Сәкен оқулары" Ақниет ІІІ Шорын	➤ 2022 жыл «Ақберен» облыстық өнер байқауы Ақниет ІІ ІІ орын	➤ 2023 жыл Пед.Старт олимпиадасы ІІІ орын
9	Өтебәлі Гүлзат (қазақ тілі мен әдебиеті)	➤ 2023 жыл ауд."Мағжан оқулары" Ақниет ІІІ. ІІІ орын ➤ 2023 жыл ауд. "Практикалық жұмыс" «Алғыс хат» ІІІ орын ➤ 2023 жыл ауд. пәндік олимпиада Қарасай А "Алғыс хат" ➤ 2024 жыл "Т.Айбергенов оқулары" "Жүрегімнің лапылдаған отымен" Ақниет ІІ ІІ орын ➤ 2024 жыл ауд Балалар оқуы Алдажар Ү. ІІІ орын ➤ 2024 жыл "Зерде" ғылыми жоба Саматқызы А. ІІІ орын ➤ 2024 жыл ауд."Сәкен оқулары" Қарасай А. «Алғыс хат»» ➤ 2024 жыл ауд. Махамбет оқулары Ақниет ІІІ. ІІ орын ➤ "Жансүгіров оқулары Ақниет ІІІ. ауд.І орын ➤ 2024ж. ауыл олимп. 11-сынып оқушысы Жақсылық Т. Алғыс хат	➤ 2023 жыл,обл.сабақты жоспарлау байқауы ІІІ орын ӨРЛЕУ ➤ "Жансүгіров оқулары Ақниет ІІІ. обл. кезеңі І орын	➤ "І.Жансүгіров оқулары Ақниет ІІІ. респуб.кезеңі ІІ орын
10	Қалмұрза Патшагул (орыс тілі пәнінің мұғалімі)	➤ 2022 ж Конкурс мастеров художественного чтения" "Русский Медвежонок" Қанабек Н. Порын\ ➤ 2024 ж ауд.мектеп театры жобасы аясында театрландырылған қойылым байқауы, 5-сынып « Алғыс хат»		
11	Өткелбай Ақнәзік (ағылшын тілі)	➤ 2021 ж Әнес И. "British Bulldog" конкурсы І орын ➤ 2023 ж Пән бойынша "Практикалық жұмыстар" «Алғыс хат»		➤ 2021 ж "ПедСтарт-2022" байқауы ІІ орын ➤ 2023 ж "Кенгуру-лингвист" олимпиада І орын

12	Наурызбай Сабира (ағылшын тілі)	➤ 2022 ж Ауд.пәндік олимпиада Едіге Г «Алғыс хат»	➤ 2022 ж Қорқыт ата атындағы унив.пәндік олимпиадасы Едіге Г «Алғыс хат»	
13	Әжібай Гүлжанат (тарих)	➤ 2022 ж ауд."Туған елің-Қазақстанды жақсы білесің бе?" Баймұрат Д І орын ➤ 2022 ж ауд."Үздік тарих пәнінің мұғалімі-2022" «Алғыс хат» ➤ 2022 ж Зерде ғылыми жобасы Базарбай Н. ІІ орын ➤ 2022 ж Қайратқызы Сәуле "Ұлы дала барысы Сұлтан Бейбарыс" ғылыми жоба І орын ➤ 2024 ж "Менің Отанымның тарихы» ауд.олимпиада Бақтілеу Қ. ІІІ орын ➤ 2024 ж ауд.пәндік олимпиада Балтабай А «Алғыс хат» ➤ 2024 ж Дарын ғылыми жоба Базарбай Н ІІ орын ➤ 2024ж. ауыл олимп. 9-сынып оқушысы Н.Базарбай Алғыс хат	➤ 2024 ж Дарын ғылыми жоба Базарбай Н ІІ орын	
14	Айтжанова Қарлығаш (математик)			➤ 2023 жыл "Кенгуру"математикалық ойын конкурсы Алдажар.М І орын, 050522, Қарасай.І І орын, Ерполат Ә. ІІ орын , Қарасай.Ә ІІ орын,Наурызбай.А ІІ орын, Кемалқызы.А ІІ орын, Төленгіт.М ІІ орын.
15	Жолдасова Жеңіскүл (тнформатик)	➤ 2022 ж «Идеялар алаңы» - ІІІ орын ➤ Daryn,online Республикадаық рәндер олимпиадасының ІІ дәрежелі жүлдегері ➤ 2023 ж "Зерде" ғылыми жоба Ауд «Алғыс хат» Ерполат.А ➤ 2024 ж "Мамандықтар әлемін ашамыз" жобалар байқауы «Мен мамандықты таңдаймын» Бақтілеу Қ «Алғыс хат» "Жас мобилпроф"сайысы «Алғыс хат» Қарасай.И, "Менің кәсібім-менің бизнесім» «Алғыс хат» Жақсылық Т	➤2024 жыл «Цифрлық келешек және ұлттық құндылықтар» тақырыбында облыстық ғылыми-тәжірибелік семинар «Алғыс хат»	
16	Аяпова Райкуль (математик)	➤ 2022 ж "Идеялар алаңы - 2022" аудандық ІІІ орын ➤ 2023 ж "Үздік математика пәнінің мұғалімі-2023ж" аудандық «Алғыс хат» ➤ 2023 ж "Алтын сақа"олимпиада облыстық сертификат Маратқызы.Ж,Төленгіт.Д ➤ 2024 ж Зерде ғылыми жоба Камалқызы Аяна ІІІ орын		
17	Жәди Бибігүл (математик)			➤ 2023 ж "Кенгуру"математикалық ойын конкурсының жеңімпаздары Төленгіт Д, Маратқызы Ж ІІ орын, Жақсылық Н ІІ орын
18	Қуаңбай Гүлфариза (география)	➤ 2022 ж "Идеялар алаңы" ІІ орын ➤ 2022 ж пәндік олимпиада аудандық Мамытова А ІІ орын ➤ 2022 ж "Үздік жыл мұғалімі-2022" ауд ІІІ орын ➤ 2023 ж "Практикалық жұмыстар-2023" Аудандық І орын ➤ 2023 ж географиядан ұлттық олимпиада ауд Төленгіт Д ІІІ орын ➤ 2023 ж географиядан ұлттық олимпиада ауд Алдажар Ү ІІІ орын	➤ 2023 ж Ауыл олимп Обл ІІ орын 11- сынып оқушысы А.Мамытова ➤ 2023 ж Ауыл олимп Обл ІІІ орын 9 сынып оқушысы Баймұрат Д	➤ 2023 ж Ауыл олимпиадасы Респуб оқушысы 11 сынып Мамытова А ІІІ орын

		➤ Ауыл олимп Ауд кезеңінен III орын оқушысы 11 сынып Мамытова А		
19	Әбдібай Ажар (биология)	➤ 2022 ж "Үздік жас маман-2022" аудандық «Алғыс хат» ➤ 2023 ж "Практикалық жұмыстар-2023" Ауд «Алғыс хат» ➤ 2023 ж олимпиада Ауд III орын оқушысы 9 -сынып Қарасай И ➤ 2023 ж пәнд олимп аудандық кезеңі III орын оқушысы 8 -сынып Дәуренбекқызы Ш ➤ 2023 ж Практикалық және зертханадық жұмыстар -2023 « Алғыс хат» ➤ 2024 Ауыл олимп.11-сынып оқушысы Рутел Н. III орын		
20	Дәрменқұлова Динара	➤ 2022 ж Юниорлық олимпиада Аудандық II орын 7-сынып оқушысы Қасқырбай.М ➤ 2023 ж "Практикалық жұмыстар-2023" Аудандық I орын ➤ 2023 ж Пәнд олимп Ауд кез II орын оқушысы 7 сынып Ерполат Ә ➤ 2023 ж "Үздік жас маман-2023ж» аудандық Алғыс хат. ➤ 2023 ж "DIGITAL KAZAKHSTAN: Жаңа замандағы білім беру" Аудандық секция отырысы «Алғыс хат»	➤ 2023 ж Ауыл олимпиада 11 сынып оқушысы «Алғыс хат» Қайратқызы С	
21	Спандирова Мира (көркем еңбек, музыка)	➤ 2021ж Аудандық "Үздік көркем еңбек пәні-2021" кәсіби сайысынан III-орын ➤ 2021 жылы Аудандық "Шеберлер қаласы: Ата бабамыздың мұрасын сақтаймыз және және дамытамыз" көрмесінен оқушысы Абай С "Мақтау қағазы" ➤ 2021жылы "Біздің айналамыздағы экономика " аудандық онлайн жарысынан №97 мектеп командасы III-орын. ➤ 2022 ж Аудандық "Үздік әдістемелік құрал-2022" кәсіби сайысынан II-орын ➤ Музыка пәні бойынша: 2022ж Аудандық "Мен қазақпын" патриоттық әндер байқауынан оқушысы Баймұрат К "Бас жүлде" ➤ 2022 ж Аудандық " Музыка әлемі" атты ән байқауынан оқушысы Баймұрат К " I-орын , ➤ 2023 жылы Аудандық "Музыка әлемі" ән байқауынан оқушысы Баймұрат К II-орын ➤ Аудандық "Барады кең дүние әнге айналып" атты дуэт айту әндер байқауынан Баймұрат К, Спандиярова М II-орын ➤ 2023 ж ән байқауынан Спандиярова М" Бас жүлде". ➤ 2024жылы Аудандық Digital Kazakhstan:Жаңа замандағы білім беру " секция отырысынан "Алғыс хат" ➤ 2023жылы Аудандық "Идеялар алаңы" байқауынан Спандиярова М Алғыс хат ➤ 2023 жылы Аудандық "Жаңа Қазақстан -ядролық қарусыз мемлекет" сурет байқауынан оқушысы Рутел Н "Диплом» ➤ 2023 ж Аудандық "Зерде" ғылыми жобалар сайысынан оқушысы Туленгит Д III-орын Музыка	➤ 2022ж Облыстық "Рухани жаңғыру" орталығы ұйымдастырған "Қылқалам бейнелеген қазақылық" онлайн сурет байқауынан оқушылары Айталы Н, Базарбай Г, Қарасай И,Ерболат А, Болатбекұлы Н, Сегізбай А " Алғыс хат".	➤ 2021жылы «Тәуелсіздік жұлдыздары» республикалық сайысынан оқушылары Рутел Н I- дәрежелі, Баймұрат Д I- дәрежелі ➤ Музыка пәні бойынша: 2021 жы Республикалық "Alash star" халықаралық өнер байқауынан оқушысы Баймұрат К "Бас жүлде" жетекшісі Спандиярова М." Құрмет грамотасы" ➤ 2023 ж "Бояулар құпиясы "онлайн суретшылер байқауынан оқушысы Рысбайқызы Ә "Бас жүлде.

		пәнібойынша: 2024 жылы Аудандық "Ақ босаға киелі- алтын ұя мектебім" атты әндер байқауынан оқушысы Баймұрат К "Бас жүлде"		
22	Ахша Амантай (АӘД)	➤ 2021 ж «Үздік АӨТД пәнінің мұғалімі - 2021» Аудандық І орын ➤ 2021 жылы "Әскерге шақырылушы-2021" сайысынан оқушысы Абай С І-орын Төленгіт Ә ІІ-орын ➤ 2022ж Аудандық "Мерген ару-2022"сайысында оқушысы Алдажар Л І-орын ➤ 2022 ж Аудандық 7- мамыр мерекесіне орай өткен әскери сайыстан оқушысы Ақжігіт М ІІІ-орын ➤ 2022 ж Аудандық «Sport FEST Kazakhstan» әскери сайысынан оқушысы Алдажар Л І-орын Төленгіт Ә І-орын ➤ 2022 ж Аудандық "Айбын-2022" әскери сайысынан оқушысы Төленгіт Ә І-орын, Абай С ІІІ-орын ➤ 2022 ж Аудандық "Айбын-2022" әскери сайысынан оқушысы Абай С ІІ-орын ➤ 2022 ж Аудандық әскери сайыстан оқушылары Ақжігіт М ІІ-орын ,№97 мектеп командасы ІІІ-орын. ➤ 2022 ж Аудандық "Жас мерген-2022" сайысынан оқушысы Алдажар Л І орын ➤ 2022 ж Автомат бөлш.жинаудан аудандық кезеңде І-орын ➤ 2023 жылы «АК-74 оқу қаруын толық емес бөлшектеу және жинақтау» аудандық кезең І-орын. ➤ 2023жылы Аудандық "Мерген ару-2023"әскери сайысынан оқушысы Кемалқызы Саяжан ІІ-орын ➤ 2023жылы Аудандық "Мерген ару-2023" әскери "Газ тұмылдырықты кию" сыйысынан оқушысы Кемалқызы С І-орын. ➤ 2023 ж Аудандық "Айбын-2023" қыз балалар арасындағы әскери сайысынан оқушысы Төленгіт Ә ІІІ-орын ➤ 2023жылы Аудандық "Ұранды елдің ұрпағы қайсар" әскери сайысынан ІҮ-аймақ ІІ-орын ➤ 2023 жылы Аудандық Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылғанына 34 ж т орай өткен сайыыста оқушысы Кемалқызы А ІІ-орын ➤ 2023 жылы Аудандық " Жас мерген-2023" әскери сайысында ІҮ- аймақ ІІІ-орын.	➤ 2021 жылы Облыстық онлайн "Мерген ару-2021" сайысында оқушысы Абай Сара І-орын ➤ 2022 ж «Педагогикалық идеялар понарамасы» облыстық кезең І-орын ➤ 2022 ж Әскери –қолданбалы спорт. белтемір облыстық кезеңінде ІІІ-орын ➤ 2022 жылы Облыстық Әскери –қолданбалы спорт оқушысы КЕмалқызы С. ІІІ-орын ➤ 2023ж Облыстық "Жас мерген-2023" сайысында Қазалы ауданы командасы І-орын ➤ 2023 жылы Облыстық. «Педагогикалық идеялар понарамасы» Өрлеу«Педагогикалық идеялар понарамасы» Өрлеу облыстық кезең ІІІ-орын. ➤ 2023 жылы облыстық "Айбын-2023" әскери қолданбалы сайысынан ІҮ-аймақ ІІ-орын. ➤ 2023 ж Облыстық " Жас мерген- 2023" әскери сайысында Қазалы ауданы І-орын ➤ 2023 ж Облыстық " Жас мерген-2023" сайысында командалық есепте Қазалы ауданы ІІІ-орын	➤ 2022 ж «Педагогикалық идеялар понарамасы» Респ. ІІ-орын
23	Қожахметов Болатбек (дене тәрбиесі)	➤ 2021 ж Аудандық "Ұлттық меткеп лигасы"аясында өткен Бес асықтан №97 мектеп командасы І-орын ➤ 2021 ж ҮІ-спартакиадасында №97 мектеп командасы ІІІ-орын ➤ 2021 ж 7-8 сынып қыздар командасы «Бес асық» І орын ➤ 2022 ж Аудандық кезең ІІ орын 5-6 сынып ➤ 2022 ж «Ұлттық мектеп лигасы» Аудандық кезең 7-8 сынып І-орын ➤ 2022 ж Аудандық кезең 9-11 сынып Бес асықтан І- орын	➤ 2021 ж облыстық «Бес асық» ІІ орын , 5-6 сынып қыздар командасы «Бес асық» І орын ➤ 2021 ж Облыстық бес асықтан 2005-2007 ж.т арасында Қазалы ауданы І орын ➤ 2021 ж Облыстық "Ұлттық мектеп лигасы" бес асықтан 7-8 сыныптан Қазалы ауданы ІІ орын ➤ 2021 ж Облыстық "Ұлттық мектеп лигасы" бес асықтан 5-6 сыныптан Қазалы ауданы ІІ	➤ 2023 ж Республикалық Бес асықтан Командалық сайыста Наурызбай Диана І-орын, жекелей сайыста ІІ- орын.

		➤ 2023 ж «Ұлттық мектеп лигасы» Аудандық кезең 7-8 сынып І-орын ➤ 2023 ж Аудандық кезең 9-11 сынып Бес асықтан І- орын ➤ 2023 ж Аудандық "Ұлттық мектеп лигасы"аясында 5-6 сынып командасы ІІ-орын ➤ 2023 ж Аудандық "Ұлттық мектеп лигасы"аясында 7-8 сынып командасы І-орын. ➤ 2023 ж Аудандық "Ұлттық мектеп лигасы"аясында 9-11 сынып командасы І-орын. Облыстық "Ұлттық мектеп лигасы" бойынша Бес асықтан 7-8 сынып №97 мектеп командасы ІІ-орын. ➤ 2024 ж Аудандық "Ұлттық мектеп лига" аясында өткен 5-6 сынып қыздар командасы ІІ-орын. ➤ 2024 ж Аудандық "Ұлттық мектеп лига" аясында өткен 7-8 сынып қыздар командасы І-орын. ➤ 2024 ж Аудандық "Ұлттық мектеп лига" аясында өткен 9-11 сынып қыздар командасы І-орын.	орын ➤2022 ж Облыстық "Ұлттық мектеп лигасы" бойынша Бес асықтан 5-6 сынып №97 мектеп командасы ІІ-орын. ➤2023 Облыстық сайыста ,7-8 сынып қыздар командасы «Бес асықтан»І Іорын. ➤2023 ж Облыстық қыздар 9-11 қыздар арасында «Ұлттық ойындар-рухани байлығымыз» І орын ➤2023 ж Облыстық «Ұлттық мектеп лигасынан» 10-сынып Рутел Нұрсая"Үздік ойыншы" ➤2023 ж Наурызбай Диана Бес асықтан «Ұлттық ойындар-рухани байлығымыз» І-орын .	
24	Бақыбай Болат (дене тәрбиесі)	➤ 2021ж Аудандық "Ұлттық мектеп лигасы" аясында өткен сайыста №97 мектеп командасы І-орын. ➤ 2022 жылы аудандық Мәдениет бөлімі ұйымдастырған Дойбы сайысынан оқушысы Базарбай А „Ақниет Н"Диплом" ➤ 2023 ж Асық ату және бес асық сайысынан "Үздік төреші" номинациясымен марапатталған. ➤ 2023 ж Аудандық 7-мамыр Жеңіс күніне орай ұйымдастырылған шахмат ойынынан оқушысы Кемалқызы С , Мырзахан Р."Алғыс хат"	➤	➤
25	Абдижаппарова Гүлфира (бастауыш)	➤ 2021 ж "Бастау" ауд. олимп. оқушысы Шорын		➤ 2024ж. "Кенгуру-математика барлығы үшін" интеллектуарлық ойын конкурсынан Ғанибекұлы Ж, Өзірбай А І дәрежелі Диплом
26	Кадирова Жадыра (бастауыш)	➤ 2020ж. Ауд-қ "Ең үздік жазу каллиграфиясы" атты көркем жазу байқауы Наурызбай Аяна ІІІ орын ➤ . 2024ж.Ауд."Алтын тұғыр" Сертификат		➤ 2022ж. Респ-қ "Кенгуру-математика барлығы үшін" интеллектуарлық ойын конкурсынан Төлеңгіт М, Едіге Ж І дәрежелі Диплом 2024ж. "Ақбота" зияткерлік олимпиадасы оушысы Едіге Ж ІІІдәрежелі Диплом.
27	Кулманова Айгуль (бастауыш)			➤2022ж. Респ-қ "Кенгуру-математика барлығы үшін" интеллектуарлық ойын конкурсынан Едіге Ж. І дәрежелі Диплом,
28	Шахизадаева Қаламқас (бастауыш)			2024ж. Респ-қ "Кенгуру-математика барлығы үшін"Жанғазы Д. Іорын Саматұлы Д. Іорын 2024ж. "Ақбота" зияткерлік олимпиадасы Айталы Ө. Зорын Болатбекұлы Н. 2орын
29	Шазындаева Гүлдана (психолог)	➤ «Табысты үштік: мектеп,ата-ана,оқушы» аудандық семинарда Алғыс хат.		
30	Смагулова Гүлмира	➤ "Практикалық жұмыстар-2024" топтық жұмыс, І орын №ҚААББ-975,		

	(орыс тілі)	➤ Ауд..мектеп театры жобасы аясында театрландырылған қойылым байқауынан Алғыс хат, №005897 ➤ "Пед-Старт-2023" олимпиадасы II орын №552a37		
--	-------------	--	--	--

Қорытынды: Бағалау кезеңі бойынша педагогтар білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың аудандық және/немесе облыстық кезкендерінің жеңімпаздарын және/немесе республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер талапқа сәйкес..

3. Білім алушылар контингенті

Білім алушылар контингентінің сандық құрамы:

-деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті, сыныптардың толықтылығы, білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер:

Бағалау нәтижесі: 2022-2023 оқу жылын барлығы 111 оқушымен бастадық, оның 56-ы қыз бала, 11 сынып бірлігінде оқиды. Бастауыш сатысында 1-4 сыныптарда – 46 оқушы (4 сынып-комплект), негізгі орта сатысында 5-9 сыныптарда - 50 оқушы (5 сынып-комплект), жоғарғы саты 10-11 сыныптарда 15 оқушы (2 сынып-комплект). Мектеп бойынша психологиялық - медициналық консультация тексеруінен өткен қорытындысына сәйкес мектеп партасында отырған ерекше білім алуды қажет ететін оқушы жоқ. Денсаулығына байланысты және ПМПК қорытындысына сәйкес 4-сынып оқушысы Дәулетжан Әлихан үйден оқиды. Үйден оқитын оқушының ерекшелігін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесі ұйымдастырылды.

Қорытынды: 2022-2023 оқу жылында сынып толымдылығы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес келеді, сынып толымдылығы 25 баладан артық емес. ҚР БҒМ 2020 жылғы 18 мамырдағы №207 бұйрығының 2-қосымшасымен бекітілген. Орта білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының 10-тармағы негізінде қозғалыстағы білім алушылардың білім беру ұйымына келуі және кету туралы есептен шығару талоны негізінде жүргізілген. Келген-кеткен білім алушыларды есепке алу кітабына тіркелген.

Бағалау нәтижесі: 2023-2024 оқу жылын барлығы 112 оқушымен бастадық, оның 55-і қыз бала, 11 сынып бірлігінде оқиды. Бастауыш сатысында 1-4 сыныптарда – 38 оқушы (4 сынып-комплект), негізгі орта сатысында 5-9 сыныптарда--57 оқушы (5 сынып-комплект), жоғарғы саты 10-11 сыныптарда 17 оқушы (2 сынып-комплект). мектеп бойынша психологиялық - медициналық консультация тексеруінен өткен қорытындысына сәйкес мектеп партасында отырған ерекше білім алуды қажет ететін оқушы жоқ. Денсаулығына байланысты және ПМПК қорытындысына сәйкес 6-сынып оқушысы Ідірісов Санжар үйден оқиды. Үйден оқитын оқушының ерекшелігін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесі ұйымдастырылды.

Қорытынды: 2023-2024 оқу жылында сынып толымдылығы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес келеді, сынып толымдылығы 25 баладан артық емес. ҚР БҒМ 2020 жылғы 18 мамырдағы №207 бұйрығының 2-қосымшасымен бекітілген. Орта білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының 10-тармағы негізінде қозғалыстағы білім алушылардың білім беру ұйымына келуі және кету туралы есептен шығару талоны негізінде жүргізілген. Келген-кеткен білім алушыларды есепке алу кітабына тіркелген.

Бағалау нәтижесі: 2024-2025 оқу жылын барлығы 101 оқушымен бастадық, оның 47-і қыз бала, 11 сынып бірлігінде оқиды. Бастауыш сатысында 1-4 сыныптарда – 31 оқушы (4 сынып-комплект), негізгі орта сатысында 5-9 сыныптарда--56 оқушы (5 сынып-комплект), жоғарғы саты 10-11 сыныптарда 14 оқушы (2 сынып-комплект). мектеп бойынша психологиялық - медициналық консультация тексеруінен өткен қорытындысына сәйкес мектеп партасында отырған ерекше білім алуды қажет ететін оқушы жоқ. Денсаулығына байланысты үйден оқитын оқушы жоқ.

Қорытынды: 2024-2025 оқу жылында сынып толымдылығы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес келеді, сынып толымдылығы 25 баладан артық емес. ҚР БҒМ 2020 жылғы 18 мамырдағы №207 бұйрығының 2-қосымшасымен бекітілген. Орта білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының 10-тармағы негізінде қозғалыстағы білім алушылардың білім беру ұйымына келуі және кету туралы есептен

шығару талоны негізінде жүргізілген. Келген-кеткен білім алушыларды есепке алу кітабына тіркелген. Білім алушылардың контингенті өлшемшарттың 8-қосымшасына сәйкес.

4.Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына қойылатын талаптар

1 Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі (бағаланатын кезеңге жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі);

Бағалау нәтижесі:2022-2023 оқу жылы бойынша жалпы білім беру ұйымдары басшылыққа алатын нормативтік құқықтық база талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарын, мақсаттары мен міндеттерін, сонымен қатар 2022 – 2023 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығын, «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 тамыздағы №125 бұйрығы, «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ2013 жыл 3 сәуірдегі №115 бұйрығы, Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы 2022-2023 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа ала отырып, жылдық жұмыс жоспары әзірленген. Оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыруға бағытталған бағыттар бойынша өткен 2021-2022 оқу жылына талдау жұмыстары жасалған.

Білім беру мақсаттарына қол жеткізу арқылы оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыруға бағытталып, әзірленген жоспар үш бөлім, үшінші бөлім 6 бағыттан тұрады. Алдымен өткен оқу жылының оқу-тәрбие жұмыстарына талдау жасалған. Екінші бөлімде жаңа оқу жылының мақсат-міндеттері айқындалған. Осы мақсат-міндеттерді жүзеге асыру жұмыстары үшінші бөлімде 6 бағыт бойынша жоспарланған.Бірінші бағытта ҚР «Білім туралы» заңының іске асырылуы, оқу үрдісін ұйымдастыру, екінші бағытта педагог-кадрлармен жүргізілетін жұмыс, үшінші бағыт бағдарлы оқыту және кәсіби бағдар бойынша жүргізілетін жұмыстар, төртінші бағыт тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру, бесінші бағыт мектепшілік бақылау жоспары алтыншы бағытбойынша мектептің материалдық-техникалық базасын нығайтуға байланысты жұмыстар жоспарланған.

Қорытынды: 2022-2023 оқу жылында оқу орнының жылдық жұмыс жоспары МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді.

Бағалау нәтижесі: 2023-2024 оқу жылы бойынша жалпы білім беру ұйымдары басшылыққа алатын нормативтік құқықтық база талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарын, мақсаттары мен міндеттерін, сонымен қатар 2023 – 2024 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығын, «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 тамыздағы №125 бұйрығы, «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы, Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы 2023-2024 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа ала отырып, жылдық жұмыс жоспары әзірленген.

Оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыруға бағытталған бағыттар бойынша өткен 2022-2023 оқу

	жылына талдау жұмыстары жасалған. Білім беру мақсаттарына қол жеткізу арқылы оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыруға бағытталып, әзірленген жоспар 3 бөлім, үшінші бөлім 6 бағыттан тұрады. Алдымен өткен оқу жылының оқу-тәрбие жұмыстарына талдау жасалған. Екінші бөлімде жаңа оқу жылының мақсат-міндеттері айқындалған. Осы мақсат-міндеттерді жүзеге асыру жұмыстары үшінші бөлімде 6 бағыт бойынша жоспарланған. Бірінші бағытта ҚР «Білім туралы» заңының іске асырылуы, оқу үрдісін ұйымдастыру, екінші бағытта педагог-кадрлармен жүргізілетін жұмыс, үшінші бағыт бағдарлы оқыту және кәсіби бағдар бойынша жүргізілетін жұмыстар, төртінші бағыт тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру, бесінші бағыт мектепшілік бақылау жоспары алтыншы бағыт бойынша мектептің материалдық-техникалық базасын нығайтуға байланысты жұмыстар жоспарланған. Қорытынды: 2023-2024 оқу жылында оқу орнының жылдық жұмыс жоспары МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді. Бағалау нәтижесі: 2024-2025 оқу жылы бойынша жалпы білім беру ұйымдары басшылыққа алатын нормативтік құқықтық база талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарын, мақсаттары мен міндеттерін, сонымен қатар 2024 – 2025 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығын, «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 тамыздағы №125 бұйрығы, «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 5 шілдедегі №199 бұйрықпен өзгерісімен), Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы 2024-2025 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа ала отырып, жылдық жұмыс жоспары әзірленген. Оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыруға бағытталған бағыттар бойынша өткен 2023-2024 оқу жылына талдау жұмыстары жасалған. Білім беру мақсаттарына қол жеткізу арқылы оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыруға бағытталып, әзірленген жоспар 8 бағыттан тұрады. 1-бағыт- Ақпараттық-сараптамалық бөлім. Алдымен өткен оқу жылының оқу-тәрбие жұмыстарына талдау жасалған. SWOT талдау жасалған. 2-бағыт – мектепшілік бақылау жоспары. 3-бағыт – ұйымдастыру және басқару қызметінің жоспары. 4-бағыт бойынша жалпыға бірдей қолжетімді білім алуға бағытталған ұйымдастыру жұмыстары қамтылған. 5-бағыт мектептің ғылыми-әдістемелік жұмыс жоспарлары, 6-бағытта тәрбие жұмысы, 7- бағыт бойынша оқу-тәрбие процесін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жұмыстары жоспарланған. 8- бағыт мектептің материалдық-техникалық базасын нығайтуға байланысты жұмыстар жоспарланған. Қорытынды: 2024-2025 оқу жылында оқу орнының жылдық жұмыс жоспары МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді.
2	Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген оқу жұмыс жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҰОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі. Бағалаланатын кезеңге жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің көшірмелері қоса беріледі. Бағалау нәтижесі: 2022-2023 оқу жылы білім беру ұйымында оқу-тәрбие процесі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті

стандартының, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген. Үлгілік оқу жоспарын (өзгерістер енгізілген бұйрықтармен) басшылыққа ала отырып, жұмыстық оқу жоспары әзірленіп бекітілген. Сонымен қатар 2022-2023 оқу жылында «Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы 2022 жылы ұсынған әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынған.

Мектепте білім беру үрдісіне байланысты жоспарлар жасалып, алқалы органда қаралып, бекітілген. Мектептің жылдық жоспарына сәйкес мектепшілік басқару мен бақылау, білім беру саясатын жүзеге асыру, педагогикалық-әдістемелік жұмыс жүйесін жетілдіру жұмыстары жүргізілген. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары негізінде жасалған. Білім беру ұйымының оқу-тәрбие үрдісі жұмыстық оқу жоспарларының негізінде жасалған сабақ кестелері бойынша ұйымдастырылған. Сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар сақталып, пәндердің базалық білім мазмұны үлгілік оқу бағдарламаларына сай игерілген. Пәннің мақсат -міндеттеріне сай жұмыстар жүргізілген. Білім беру деңгейлеріне сәйкес пәндер бойынша оқу жүктемесі көлемі сақталған.

Оқу жоспары негізінде әзірленген оқу процесіндегі сабақтар кестесі жасалып бекітілген. Апталық жүктемелер сабақ кестесінде қамтылған. Барлығы 331,5 сағат, инвариантты және вариативті сағаттар сабақ кестесі тарификациялық тізім бойынша сағат санына сәйкес келеді. Инвариантты және вариативті сағаттар сабақ кестесінде қамтылған. Инвариантты және вариативті сағаттар 331,5. Барлығы 331,5 сағат апталық жүктеме.

Сабақ кестесі бойынша сабақтар 1 ауысым бойынша жүргізілген. Бір ауысымда 111 оқушы, 11 сынып комплектісі оқыды. Оқу аптасының ұзақтығына қарамастан оқушылардың күндізгі оқу жүктемесі бекітілген. Бастауыш сыныпта бес сабақтан, негізгі орта мектепте жеті сабақтан, жалпы орта мектепте сегіз сабақтан аспауына сәйкестігі сақталған. Білім беру ұйымындағы сабақ ұзақтығы қырық бес минут, уақытқа сәйкес келеді. Оқу сабақтарының кестесінде үзілістер бар. Сабақ кестелері санитарлық талаптардың ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылған. Апталық жүктемелер сабақ кестесінде қамтылған.

1-11 сыныптарда білім беру процесі келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылды:

1.«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу -ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарларының №1,№6,№85,№86,№53 қосымшалары басшылыққа алынды. 2022-2023 оқу жылында 31.08.2022 жылы №1 педагогикалық кеңестің қаулысы бойынша 1-11-сыныптардың үлгілік оқу жоспары таңдалып, талқыланып қабылданды.

1-4 сыныптарға 4 сынып комплектіге – 109,5 сағат бөлінген.

Инварианттық оқу жүктемесі -91,5 сағат; Вариативтік компонент – 4 сағат; Үйден оқуға-14 сағат бөлінген

2022 жылдың 1 қыркүйегінен бастап үйден оқуға шығарылған 4-сынып оқушысына ҚР Білім және ғылым министрінің 08.11.2012ж. №500 бұйрығының 53-қосымшасына сәйкес 14 сағат берілді.

5-9 сыныптарда білім беру процесі:

5 сынып комплектіге – 155 сағат:

Инвариантты оқу жүктемесі – 152 сағат, вариативтік компонентке – 3 сағат берілген.

10-11-сыныпта білім беру процесі:

10 сынып жаратылыстану-математика бағытында оқиды. 1 сынып

комплектіге – 34 сағат бөлінген:

Инвариантты оқу жүктемесі – 10 класта - 32 сағат, Вариативтік компонентке – 2 сағат.

11 сынып қоғамдық-гуманитарлық бағытында оқиды. 1 сынып комплектіге – 33 сағат бөлінген: Инвариантты оқу жүктемесі – 28 сағат, Вариативтік компоненттен Жаһандық құзыреттілік және элективті курстарға – 5 сағат берілген .

Тарификация бойынша 2022-2023 оқу жылында мектеп бойынша 1-11 сыныптарға 11 класс комплектіге 331,5 сағат бөлінді. Оның инварианттық оқу жүктемесі – 303,5 сағат және вариативтік компоненттен 5-11 сыныпқа жаһандық құзыреттілік курстарына – 5 сағат, элективті курсқа 10-11 сыныпқа – 5 сағат, Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтарға 1-4 сыныптарға – 4 сағат, Үйден оқыту 4-сыныпқа - 14 сағат бөлінген. Инвариантты және вариативтік компоненттер бойынша сағаттар бөлініп, жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқу жүктемелері берілген. Апталық жүктемелер сабақ кестесінде қамтылған.

Инвариантты және вариативті сағаттар сабақ кестесі тарификациялық тізім бойынша сағат санына сәйкес келеді. Инвариантты және вариативті сағаттар, үйден оқыту бойынша сағаттар сабақ кестесінде қамтылған. Сабақ кестелері Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021ж. №76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын ескере отырып жасалған.

Қорытынды: 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары МЖМБС талаптары мен ЖББ Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жасалған.

Бағалау нәтижесі: 2023-2024 оқу жылы

Мектепте білім беру үрдісіне байланысты жоспарлар жасалып, алқалы органда қаралып, бекітілген. Мектептің жылдық жоспарына сәйкес мектепшілік басқару мен бақылау, білім беру саясатын жүзеге асыру, педагогикалық-әдістемелік жұмыс жүйесін жетілдіру жұмыстары жүргізілген. Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары негізінде жасалған. Сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар сақталып, пәндердің базалық білім мазмұны үлгілік оқу бағдарламаларына сай игерілген. Пәннің мақсат -міндеттеріне сай жұмыстар жүргізілген. Білім беру деңгейлеріне сәйкес пәндер бойынша оқу жүктемесі көлемі сақталған.

Оқу жоспары негізінде әзірленген оқу процесіндегі сабақтар кестесі жасалып бекітілген. Апталық жүктемелер сабақ кестесінде қамтылған. Барлығы 329,5 сағат, инвариантты және вариативті сағаттар сабақ кестесі тарификациялық тізім бойынша сағат санына сәйкес келеді. Инвариантты және вариативті сағаттар сабақ кестесінде қамтылған. Инвариантты және вариативті сағаттар 329,5. Барлығы 329,5 сағат апталық жүктеме. 2023-2024 оқу жылында 01.09.2023 жылы №1 педагогикалық кеңестің қаулысы бойынша 1-11-сыныптардың үлгілік оқу жоспары таңдалып, талқыланып қабылданды.

2022-2023 оқу жылында сынып жетекшілердің әдістемелік жұмыс тақырыбы: «Бала тұлғасының дамуы және оның тәрбиесі» оның мақсаты - тәрбие үдерісіне жаңашыл бағытты енгізе отырып, оқушының азаматтық өзіндік санасын, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын, өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі іске асыруын қалыптастыруы, оның тұлғалық өзін-өзі анықтауы, қоғамда табысты әлеуеттенуі мен бейімделуі үшін, оқушылардың шығармашылығын дамыту, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру үшін жағдай жасау. Сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестік жұмысын жетілдіру арқылы сынып жетекшілердің кәсіби құзіреттілік деңгейі арттырылған. Оқу жылы сынып жетекшілердің 2 әдістемелік отырысы өткізілген. Сынып жетекшілердің алғашқы әдістемелік отырысында: Сынып жетекшісінің тәрбие жұмысының жоспарын құру технологиясы (тамыз); Оқушының жеке психологиялық даму картасын толтыру жолдары мәселелері қаралған. Сынып жетекшілердің екінші отырысында: Тәрбие үдерісіне жаңашыл бағытты енгізу арқылы оқушы бойына патриотизмді, азаматтық сананы, жоғары мәдениеттілікті қалыптастыра отырып, салауатты өмір салтына тәрбиелеу; Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі туралы; Орта білім беру ұйымдарында білім алушылар арасында деструктивті/ аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу туралы мәселелері қаралған.

«Инабат» қыздар ұйымының жылдық жұмыс жоспарына сәйкес Қыздар ұйымының жетекшісі Реш Баршагүл «Қыз — қылығымен сүйкімді» қыздар кеңесінің отырысын өткізді. Онда қыздардың тәртібі туралы сөз болды. Ерте жүктіліктің алдын алу бағытында қыздар ұйымымен дәріс ұдайы жүргізіліп отырған. Қыздар, ұлдар ұйымының жетекшілері Ақша Амантай мен Шазындаева Гүлдана қыздар мен ұлдар арасында жиналыс өткізді. Жиналыс барысында оқушылардың тазалығы, тәртібі, сабаққа кешікпей келуі, ер балдардың беймезгіл уақытта көшеге шығуы туралы айтылды.

«Намыс» ұлдар ұйымының жұмыс жоспарына сәйкес қыркүйек айында ұлдар жиналысы өткізілді. Қазан айында «Ұстаз аты-биік, әрі мәңгілік» челленджі, Ұлдар ұйымының жетекшісі Ақша Амантай «Тәртіпке бас иген құл болмайды» ұлдар жиналысын өткізді. Жиналыста зорлық зомбылық пен құқық бұзушылықтың алдын алу туралы сөз етті. Өткізілген іс-шаралар әлеуметтік желіге жарияланып отырылды.

Қорытынды: 2022-2023 оқу жылында білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дамытуға бағытталған тәрбие жұмысы талапқа сай жүргізілген.

Бағалау нәтижесі: 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған кешенді жоспары жасалды. Тәрбие жүйесінде басшылыққа алынатын құжаттар: 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы; «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы; «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VІ Заңы; «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы; «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 724 қаулысы; «Балалардың әл-ауқат индексін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 1 ақпандағы № 21-р өкімі; Мемлекет басшысының «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласы (2020 жылғы 8 қаңтар); Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласы (2021 жылғы 5 қаңтар). Мемлекет басшысының «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты «Әділетті Қазақстан экономикалық бағдары» атты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы.

Кешенді жоспардың нұсқаулығы Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз - жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты ІІ Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. **«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»** – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді. **«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:** Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу. **Міндеттері:** 1) Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу. 2) Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. 3) Жаксылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру. 4) Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу. 5) Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Қыркүйек – білім айында «Мектеп – мейірбандық мекені» тақырыбында 1-4, 5-9 және 10-11 сыныптар бойынша «Мектепке жол акциясы» ұйыдастырылды. 1 қыркүйек – Білім күні күнінде салтанатты жиын өткізілді. «Мектеп – мейірім мекені» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары, «Мектеп – мейірбандық мекені» республикалық челленджілер өткізілді. І тоқсанды 112 оқушымен бастап, 112 оқушымен аяқтадық. Биылғы оқу жылында барлық бала оқумен қамтылды.

Қамтылмай қалған оқушы жоқ. Осы оқушылырмен 11 сынып жетекші жұмыс жасайды. Өздерінің жылдық жұмыс жоспарларына сәйкес әр аптаның дүйсенбі күні тәрбие сағаттарын өткізеді. Сынып жетекшілер мектеп қабырғасында болатын іс шараларға сынып оқушыларының қамтылуына басшылық жасап жүреді. 1 қыркүйек – Білім күніне арналған «Мектебім мейірім мекенім» атты бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттары кезінде 1 сынып «Біздің мектептегі бірінші күніміз», «Бірінші сынып - өмірдің жаңа кезеңі», 2-4 сыныптар «Менің жарқын жазғы оқиғаларым», 5-8 сыныптар «Менің саяхатым», 9-11 сыныптарда «Менің үлкен сыныптастарым», «Менің ойларым, армандарым, үміттерім» тақырыптарында алғашқы сабақтар көрсетілді. Мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының міндетін атқарушы Н.Тағыбай Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру тақырыбы бойынша жоспарлау жұмыстарына байланысты сынып жетекшілерге жиналыс өткізді. Мектеп тәлімгері А Қорғанбек мектепішілік 5 – 10 сынып оқушылары арасында оқушылар ұйымын қауымдастығын құрып, оның жұмыс жоспарымен таныстырды. Мектептің әлеуметтік педагогы Тағыбай Нұрғисаның ұйымдастыруымен «Мектепке жол» акциясы аясында 6-сынып оқушысы Бақыт Мадиярға, 8-сынып оқушысы Дәуренбекқызы Шұғыла, 6-сынып оқушысы Қалмырза Мирасқа мектеп формасын алып беріп демеушілік жасады. Сонымен бірге әлеуметтік топтағы 35-оқушыға білім қорының есебінен 40567 тенгеден көмек көрсетілді. Мектепішілік «Ұшқыр ой алаңы» дебат клубының жетекшісі Қорғанбек Азамат дебат клубының мүшелеріне жылдық жұмыс жоспарымен және мақсат міндеттерімен таныстырды. Мектеп тәлімгері Қорғанбек Азамат өзін-өзі басқару, Мектеп Парламенті бірлескен жұмыстардың жұмыс жоспарымен таныстырды. Фракция жетекшілерін сайлап алды. «Қауіпсіз мектеп!» атты айлық аясында түсіндірме жұмыстарын жүргізу мақсатында оқушыларды мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстырылды. Сонымен бірге мектептің әлеуметтік педагогы Г. Серғалиева. Б.Жолмағанбетова сыныптың әлеуметтік паспортын даярлап, әр түрлі санаттағы балалардың тізімін жасады. («Қолайсыз отбасындағы балалар көп балалы, тұрмысы төмен, толық емес отбасы, «Тәуекел тобы» есебіне алынған оқушыларды бақылау, тұрмыстық жағдайын зерттеу, әлеуметтік көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастырды. Мектеп оқушылардың тиісті құжаттарын дайындап, ыстық тамақпен қамтамасыз етті. Мектеп психологы Шазындаева Гүлдана девиантты мінез-құлықты балалардың тізімін жасап, мектептің ішкі есебіне алды. «Менің бақытты отбасым» атты 5-15 қыркүйек – Қазақстандағы Отбасы күні мерекесіне байланысты «Отбасым –бақыт мекенім» атты спорттық сайыс өткізді Б.Қожахметов «Менің отбасым» балалар суреттерінің конкурсын өткізді «Мен және менің отбасым» эссе байқауын өткізді Г.Өтебәлі «Отбасы күні» мерекесіне орай танымдық кітап көрмесін ұйымдастырды М.Наурызбай. Сонымен бірге отбасы күніне орай барлық 1-11 сынып жетекшілері сынып сағаттарын өткізді. **Қазан - алаш азаматтарын ұлықтау айы бойынша** 1-4, 5-9 және 10-11 сыныптар үшін «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Бір отбасы – бір кітап», «Білімге ұмтылу, «Еңбексүйгіштік және Отаншылдық», «Менің сүйікті мектебім», «Менің алғашқы ұстазым» тақырыбында акциялар, «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында 1-11 оқушылар үшін сынып сағаттары, Ұстаздар күні мерекесіне орай «Ұстаз! Сіздің алдыңызда» сынып сағаттары, «Менің алғашқы ұстазым!» видеороликтер, «Ұстазым, менің Ұстазым!» құттықтаулар, «Ұлағатты ұстаз» кездесулер, «Ұстаздық еткен жалықпас» тәрбие сағаттар, «Менің сүйікті ұстазым» сұхбаттар, «Алтын жүректі ұстаз» эсселер және «Менің арманымдағы ұстаз» тақырыптарында шығармалар ұйымдастырылды. Зорлық – зомбылықтың алдын – алу, балаларды ерте жыныстық қарым – қатынаста сақтандыру мақсатында 7-11 сыныптар арасында арнайы сала мамандарымен кездесу өткізілді. Кездесуге мынадай қонақтар қатысты.

1. Бегалиева М – Қазалы аудандық полиция бөлімінің Жергілікті полиция қызметі бөлімінің Ювеналды полиция тобының аға инспекторы, полиция майоры.

2. Әбілов К-Қазалы көпбейінді орталық аурухана бас дәрігерінің орынбасары.

3. Ә.Бек –Қожабақы ауылдық емханасының бас дәрігері.

4. Алуашов Р - Жергілікті учаскелік полиция инспекторының полиция майоры.

5. Қартқожақ Ж- Қазалы аудандық жалпы білім беретін кешкі мектеп директоры

1 қазан – Халықаралық қарттар күніне орай «Қарттарын қадірлеген ел ардақты.» тақырыбында білім беру ұйымдарында жұмыс істеген мұғалімдер мен кіші қызметкерлермен кездесу өткізілді. Кездесу жоғарғы дәрежеде өтті. Қазан айының алғашқы жексенбісі. Мұғалім күні. Ұстаздарға құрмет көрсету мақсатында 10 сынып жетекшісі Ж.Жолдасова «Ұстазым-ұлағатым үлгі өнегем»

тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағатына барлық оқушылар атсалыса қатысты. Тәрбие сағаты жоғарғы деңгейде өтті. 25 қазан – Республика күніне орай «Қазақ елі, менің Отаным» тақырыбында 7-сынып жетекшісі М.Спандиярова ашық тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағатына барлық оқушылар атсалыса қатысты. Тәрбие сағаты жоғарғы деңгейде өтті. Мектепте 1-11 сынып оқушыларының қатысуымен «Патриотизм дауысы» тақырыбында ҚР әнұраны орындалды. АӘД пәнінің мұғалімі Ақша Амантайдың ұйымдастыруымен 10-11 сынып аралығында «Қыран елім – Қазақстаным.» атты әскери спорт түрлерінен жарыс өткізілді. Жарыс нәтижесінде 11 сынып оқушылары әр жарыс түрлері бойынша жоғарғы нәтиже көрсетті. Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында тәрбие ісі жөніндегі орынбасар мереке күндеріне байланысты кезекшілік кестесін жасады. Кезекшілер өз міндеттерін уақытында атқарып, ауыл әкімшілігіне уақылы ақпар беріп отырды. Әлеуметтік желілерде 25 қазан – Республика күні мерекесіне орай өткізілген шаралар өз уақытында әлеуметтік желілерге жарияланып отырды.

Қараша – поэзия айы бойынша «Теңге – ұлттық құндылығымыз», «Есірткі және құқық бұзушылық!», «Мейірімділік керуені» «Қоржын» қайырымдылық акциясы аясында үлес қосқан меценаттар мен Қайырымдылық акциясы демеушілерді марапаттау жұмыстары, сынып сағаттары және акциялар ұйымдастырылды. «Жол тәртібін бұзбайық!» тақырыбында 5-9 сыныптарда пікірталастар, интернет желісінде балалар порнографиясы, зорлық зомбылық қатыгездік, суицид, лудомания құқық, қайшы контенттің таралуын болдырмау бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізілді. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша сынып жетекшілер уақытылы жоспарға сәйкес жұмыстарын атқаруда. Сынып жетекшілер жоспар бойынша ІІ тоқсандағы өткізілген тәрбие сағаттары «Теңге- ұлттық құндылығымыз» «Әкеге-ізет, анаға құрмет» «Оян, ар мен адалдық» «Өнегелі өмір» «Бабалар салған ізімен» «Әлемді бағындырған жерлесіміз» «Көк тудың желбірегені» «Ұлттық рух-тәуелсіздік тірегі» «Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» атты патриоттық тәрбие сағаттарын өтті. Әр сынып жетекшілерге даталы мерекелерді кең көлемде үлгілі тәрбие сағаты қылып өткізу тапсырылған болатын. Соның бірі 16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне байланысты 8-сынып жетекшісі Әбдібай Ажар «Тәуелсіз –Қазақстан» тақырыбында үлгілі тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағаты жоғарғы деңгейде өткізілді. 25 желтоқсан күні Жанабергенова Нүргүлдің ұйымдастыруымен 1 сынып оқушыларымен «Қош сүйікті Әліппем» атты тәрбиелі шара өтті. 1 сынып оқушыларының Әліппемен қоштасу шарасы жоғарғы деңгейде өткізілді. Содан кейін жаңа жыл мерекесі талапқа сай ұйымдастырылды 26,27,28 желтоқсан күндері өткізілді. «Арай» шағын орталығы Алақай, Жаңа жыл! Мектеп алды даярлық 1-2 сыныптар Қош келдің, Жаңа жыл! 3-4 сыныптар Таңғажайып, Жаңа жыл! 5-6 сыныптар Төрлет, төрлет Жаңа жыл! 7-8 сыныптар Жаңа жыл төрімде! 9,10,11- сыныптар Армысың, Жаңа жыл! Жаңа жыл мерекесі жоғарғы деңгейде өткізілді. Мектептің АКТ залы талапқа сай безендірілді. Сонымен бірге 19 қараша күні «Темекі шегуге қарсымыз» «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз» 5-9 сынып оқушылары арасында мектеп тәлімгері флешмоб ұйымдастырды. «Тоғыз айға 9 іс-шара» аясында «Асық ойыны» ұлттық жарысын 1-11 сынып оқушылары арасында дене тәрбиесі пәнінің мұғалімдері челлендж ұйымдастырды. Оқушылардың қауіпсіздігі және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 9-20 қараша аралығында «Қатыгездік және зорлық зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында ақпараттық науқаны өткізілді.

Желтоқсан – «қазақстан – ұлы дала елі» айы бойынша («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) аясында 1-11 сыныптар арасында «Тарих пен тіл тамырлас» тақырыбында сахналық қойылымдар, «Ұрпақ болашағы – ұстаздан», «Ұрпақ тәрбиесіне жүйелі көзқарас» тақырыптары бойынша сұхбаттар, «Тәуелсіздік ел бақыты!», «Көк тудың желбірегені», «Ұлттық рух – тәуелсіздік тірегі» және «Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» тақырыптары бойынша 1-8 сыныптар үшін тәрбие сағаттар ұйымдастырылды. Онда жүргізілген жұмыстар; «Қатыгездік пен зорлық зомбылықтың алдын алу» тақырыбында 8-11-сынып арасында түсіндірме жұмыстары, жүргізілді. Сонымен бірге 20-қараша-Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне орай 1-11-сынып оқушыларына «Буллинг және кибербуллингтің алдын алу» Лудомания, буллинг, кибербуллинг жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Мектепте 7-11-сынып оқушыларының арасында өткізілген лекция сабаққа денсаулық сақтау саласының мамандары мектебіміздің мейіркеші Әлиева Нәзігүл апайымыз қатысып оқушыларға қызылша, тұмау аурулары жайында түсіндірме

жұмысын жүргізіп өз ойын айтты. Мектепте заңды өкілінсіз және өгей әкесімен, өгей шешесімен тұрып жатқан балаларды анықтау барысында мектеп бойынша заңды өкілінсіз және өгей әкесімен, өгей шешесімен тұрып жатқан оқушылар жоқ екенін анықтады. Ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында 9-11-сынып қыздарының арасында метептегі қыздар ұйымының төрайымы Шазындаева Гүлдана қыздар жиналысын өткізді. Қыздар осы тақырып төңірегінде бір – бірімен ашық түрде сөйлесіп бір-бірімен пікір алмасып өз ойларын айтты. Кәмелетке толмаған балаларды кибербуллинг пен кибер қылмыстан қорғау мақсатында әр сынып 1-11 сынып жетекшілері өз сыныптарында түсіндірме жұмыстарын ДТЖО Н.Тағыбай жүргізді. Оқушылар арасында су, мұз, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, лудомания құмар ойындардың зардабын тартқандар тақырыбы бойынша 7-11 сынып оқушыларына А.Жолдасов, А.Ахша түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

«Қазалы ауданы бойынша білім бөлімі» КММ 27-28 желтоқсан күндері ІІ оқу тоқсанын қортындылау мақсатында оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ата-аналар жиналысы өткізілді.

Қаңтар – ұлттық код айы бойынша («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) аясында 1-4 сыныптарда «Қалдықтарды табысқа айналдырайық» тақырыбында сыныптан тыс шаралар, («Ата-аналар мектебі» жобасы) аясында «Қыз намысы – ұлт намысы» тақырыбында 8-11 сыныптар үшін түсіндірме жұмыстары, («Оқуға құштар мектеп» жобасы) аясында «Мен оқыған бір ертегі», «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» тақырыбында 1-6 сыныптар арасында сыныптан тыс шаралар, («Ата-аналар мектебі» жобасы аясында «Әкеңнің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен» тақырыбында 8-11 сыныптар кездесулер ұйымдастырылды. ІІІ тоқсан бойынша жоспарланған барлық тәрбие сағаттары уақытында өткізілді. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министірлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша сынып жетекшілер уақытылы жоспарға сәйкес жұмыстарын атқаруда. Сынып жетекшілер жоспар бойынша ІІІ тоқсандағы өткізілген тәрбие сағаттары: «Ұлттық ойын-ұлтқазынасы» «Біз жемқорлыққа қарсымыз!» «Тоғыз айға 9 іс шара» жобасы аясында «Қазақ есебі» «Тазалық денсаулық кепілі» «Жеке бас гигиенасын сақтау» «Ішімдіктен біз алшақпыз!» «Мен және менің полицейім» «Сен өз құқығыңды білесіңбе?» «Сен және Заң» «Зиянды әдеттерден аулақ бол» «Алғыс айту парызым» «Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталады» «Қош келдің Әз Наурыз» атты тәрбие сағаттарын өтті. 1. Қаңтар айында мектептің жоғарғы сынып оқушыларымен 8-11 сыныптың қыз балаларымен «Қыз намысы-ұлтнамысы» тақырыбы бойынша «Инабат» қыздар ұйымының жетекшісі Г.Шазиндаеваның ұйымдастыруымен қыздар жиналысы болып өтті. Жиналыста 8-11 сынып жетекшілері қатысты мектеп медбикесі Н.Әлиева «Ерте жүктіліктің алдын – алу және оны болдырмау» тақырыбында баяндама жасады және Н.Тағыбай қыз балаларға тәртіп және мектеп формасын сақтау туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Ақпан-оқуға құштарлық айы бойынша Ақпан айында кәмелетке толмаған балаларды кибербуллинг пен кибер қылмыстан қорғау мақсатында балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифырлық сауаттылығын қамтамасыз ету бойынша 8-11 сынып сыныптарында түсіндірме жұмыстарын ДТЖО Н.Тағыбай жүргізді. «Ұлы тарих кемел келешекке жетелейді» Төле бидің туғанына 360 жыл Сұлтан Бейбарыс-Ұлы дала елінің барысының туғанына 801 жыл толуына орай тарих пәнінің мұғалімдері Б.Реш, Г.Әжібайдың ұйымдастырумен Төлеби мен Сұлтан Бейбарыс жайында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Наурыз-ұлттық салт-дәстүрді дәріптеу айы бойынша Наурыз айында «Наурызнама» онкүндік Қазақстанда наурыз мейрамын тойлаудың жаңа форматы 14 наурыз «Көрісу күні-Амал мерекесі» 15 наурыз «Қайырымдылық күні» 16 наурыз «Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні» 17 наурыз «Шаңырақ күні» 18 наурыз «Ұлттық киім күні» 19 наурыз «Жаңару күні» 20 наурыз «Ұлттық спорт күні» 21 наурыз «Ынтымақ күні» 22 наурыз «Жыл басы» 23 наурыз «Тазару күні» онкүндік жақсы жоғары деңгейде аталып өткізілді. «Қош келдің Әз Наурыз» Наурыз мерекесін тойлау мақсатында 18,19,20- наурыз күндері аралығында Арай шағын орталығы мектеп алды даярлық 1-11 сынып оқушыларымен сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен ұлттық мерекемізді өткіздік. Сыныптар бойынша әр сынып түрлі салт дәстүр бойынша тәрбиелік шараларын жоғары деңгейде өткізді. . Әр сынып жетекшілерге даталы мерекелерді кең көлемде үлгілі тәрбие сағаты қылып өткізу тапсырылған болатын. 1- наурыз алғыс айту күніне орай 3 сынып жетекшісі Абдижаппарова Гүлфира апайдың ұйымдастыруымен «Алғыс ұстазға» тақырыбында үлгілі тәрбие сағатын өткізді. Сонымен бірге осы мереке орай 5 сыныптың жетекшісі Әжібай Гүлжанат және іс-тәжірибеден

өтуші Ақеркенің ұйымдастыруымен «Алғыс айту парызым» тақырыбы бойынша тәрбие сағаты өткізілді. 8 наурыз-Халықаралық әйелдер күніне орай сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілді. Сонымен бірге ұжым мүшелерінің ұйымдастырумен іс-шаралар ұйымдастырылды

Сәуір-экологиялық мәдениет айы бойынша Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспарына сәйкес 1-4 сыныптар бойынша 5-9 сыныптар бойынша 10-11 сыныптар бойынша ата-аналармен 24 сабақ сынып жетекшілер ата-аналармен жұмыстар жүргізді. Оқушылардың қауіпсіздігі және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жоспары құрылып қыркүйек-мамыр айлары аралығында әрбір сыныптарда кездесулер өткізілді. «Қатыгездік және зорлық зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында ақпараттық науқаны өткізілді. Онда жүргізілген жұмыстар; «Қатыгездік пен зорлық зомбылықтың алдын алу» тақырыбында 8-11-сынып арасында 8 түсіндірме жұмыстары, жүргізілді. «Буллинг және кибербуллингтің алдын алу» Лудомания, буллинг, кибербуллинг жөнінде 6 түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Мектепте 7-11-сынып оқушыларының арасында өткізілген лекция сабаққа денсаулық сақтау саласының мамандары мектебіміздің мейіркеші Әлиева Нәзігүл апайымыз қатысып оқушыларға қызылша, тұмау аурулары жайында түсіндірме жұмысын жүргізді.

Мамыр-бейбітшілік пен татыулық айы бойынша Мектептің жоғарғы сынып оқушыларымен 8-11 сыныптың қыз балаларымен «Қыз намысы-ұлтнамысы» тақырыбы бойынша «Инабат» қыздар ұйымының жетекшісі Гүлдан.Шазиндаеваның ұйымдастыруымен тоқсан сайын 1 рет қыздар жиналысы болып тұрады. Жиналыста 8-11 сынып жетекшілері қатысып өз ойларымен бөлісті. Кәмелеттік жасқа толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыстан жағдайы. Оқушылардың қауіпсіздігі және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында «Қатыгездік және зорлық зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында ақпараттық науқаны өткізілді. Онда жүргізілген жұмыстар; «Қатыгездік пен зорлық зомбылықтың алдын алу» тақырыбында 8-11-сынып арасында түсіндірме жұмыстары, жүргізілді. Кәмелетке толмаған балаларды кибербуллинг пен кибер қылмыстан қорғау мақсатында балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифырлық сауаттылығын қамтамасыз ету бойынша 8-11 сынып сыныптарында түсіндірме жұмыстарын ДТЖО Н.Тағыбай жүргізді. Мектеп жанындағы күндізгі лагермен 25 оқушы тамақпен қамтылған 27.05-6.06 2024 жыл аралығында демалатын болады. Сонымен бірге 40 оқушы тамақсыз 7.06-18.06 2024 жыл лагермен қамтылды. Биылғы оқу жылы бойынша «Шағала» лагерімен 7 оқушы алдағы уақытта демалатын болады 1.06-10.06 2024 жыл аралығында.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспарына сәйкес 1-4 сыныптар бойынша 26.01.2024 ж Нүргүл Жанабергенова «Құмар ойындарына –тәуелділік қақпаны балалардың компьютерлік ойындарға тәуелділігін қалай жеңуге болады» 23.02.2024 ж Қаламқас Шахизадаева «Сенім арту-жетістік кепілі Қиын жағдайда баланы қалай қолдау керек»

5-9 сыныптар бойынша 26.01.2024 ж Гүлфариза Қуанбай «Ақпараттан ақ-қараны ажырату өнері Жасөспірімнің желідегі әрекеті» 16.02.2024 ж Гүлжанат Әжібай «Әр нәрсенің өлшемі бар» «Қажеттілік пен қалау» арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтауға болады. 10-11 сыныптар бойынша 19.01.2024 ж Жеңіскүл Жолдасова «Жақсыдан қашпа, жаманға баспа» Әлеуметтік желілер және ғаламтор кеңістігі: жоғары сынып оқушыларының қауіпсіздігі. 20.02.2024 ж Ақнәзік Өткелбай «Күйзелістен шығар жол, Күйзелісті жеңуге көмектесеміз» тақырыбында сынып жетекшілер ата-аналармен жұмыстар жүргізуде.

Мектеп тәлімгері 2023-2024 оқу жылында «Жас Ұлан» ұйымының жылдық жоспарын, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларымен бірлескен жоспарын, сынып жетекшілермен бірлескен жоспарын әдістемелік нұсқаулықты негізге ала отырып, жасап шықты. Жылдық жоспардың негізінде айлық түзілді. Мектепте ұйым ұланбасшысы, мектеп комитетінің мүшелері сайланып, жүйелі жұмыстар жүргізілді. «Жас Ұлан» ұйымының оқушылардың өкілетті ұйымы ретінде мектептің алдына қойған мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыруға, мектеп өміріндегі мәдени іс-шаралар мен ағымдағы болып жатқан істерді шешуге белсене араласады. №97 орта мектебінің «Жас Ұлан» ұйымының ұланбасын және де мүшелерінің ұлықтауға арналған салтанатты рәсімі өткізілді. Бір ай бойы ұланбасы лауазымына үміткерлер сайлау алдындағы бағдарламаларын өткізіп, жаңа идеялар мен жобаларды ұсынды. Дауыс беру қорытындысы бойынша 11 сынып оқушысы Қайратқызы Сәуле үміткерлер арасында ең жоғары дауыс жинап, «Жас Ұлан» ұйымының ұланбасысы тағайындалды. Жаңа ұланбасымен бірге мектептегі «Жас Ұлан» ұйымының мүшелерінің жаңа құрамы анықталды. Осы орайда 2023 жылдың 27 қазан

күні мектеп «Жас Ұлан» ұйымының мүшелерін ұлықтау рәсімі ұйымдастырылды. Олар мектеп өмірінің жақсаруына үлес қосуда белсенділік көрсететіндеріне уәде беріп, өз міндеттерін мүлтіксіз орындауға ант қабылдады. 1-қыркүйек Білім күні мерекесіне орай жаңа 2023-2024 оқу жылына арналған «Мектебім-мейірім мекені» атты салтанатты жиыны болып өтті. Оқушылардың жол-көлік оқиғаларын алдын алу, жолда жүру ережелерін меңгерту мақсатында "Абайлаңыз, балалар!" атты тақырыпта мектеп оқушыларға тәрбие сағаттары өткізілді. «Абайлаңыз балалар» атты өткізілетін іс-шара жоспары аясында мектеп тәлімгері А. Қорғанбектің ұйымдастыруымен «Жол тәртібін білейік!» атты суреттер көрмесі өткізілді. 5 қыркүйек – Қазақстан Халқының тілдері күні мерекесіне орай «Тіл – ұлттың жаны, халықтың үні» тақырыбында апталық өтті. "Тілдер апталығы" аясында 5 сыныптар арасында "Сергектік" спорттық эстафеталық жарыс болып өтті. «Дене сергіту» челленджі өтті. №97 орта мектебінде ардагер қарттарымызды мектепке шақырып 1 қазан - Қарттар мерекесімен құттықтады. ТӘРБИЕ - ТАЛ БЕСІКТЕН БАСТАЛАДЫ» тақырыбында 9-10 және 11 сынып оқушылар үшін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының, «Жас Ұлан» ұйымы мен «Мектеп Парламенті» ұйымының мектепшілік жиналыс болды «ОТБАСЫ ЖӘНЕ БАЛА ТӘРБИЕСІ» тақырыбында отбасы құндылықтарын дәріптеу, сонымен қатар отбасындағы сүйіспеншілік пен сыйластық сезімдерді нығайту мақсатында танымдық сабақ өтілді. «Бес табан», «Бес асық», «Асық ату» челленджі ұйымдастырылды. «Еңбегі адал жасөрен» жобасы бойынша «Әкеге-ізет, анаға-құрмет», «Ұлы дала перзентімін» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Мектеп оқушылар арасында патриотизм мен азаматтық сезімді қалыптастыруға ықпал ету мақсатында жанды дауыста Мемлекеттік Гимн орындалды. «Оқуға құштар мектеп - оқуға құштар ұлт» жобасын іске асыру мақсатында 5-сыныптар арасында «Мен оқыған бір кітап» атты іс-шара болып өтті. «Адал Ұрпақ» еріктілер клубының ұйымдастыруымен 20 қараша - Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне орай «Бақытты балалық шақ» тақырыбында бастауыш сынып оқушылары арасында сурет көрмесі ұйымдастырылды. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының ұйымдастыруымен «Оян, ар мен адалдық» атты тақырыбында сынып сағаты өткізілді. «МЕНІҢ ОТАНЫМ-ҚАЗАҚСТАН!», «МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР - ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ НЫШАНЫ» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. Республика күні! 25 қазан Республика күнін атап өту жоспарына сәйкес мектептің арнайы педагогы "Отаным - Бақыт мекенім тақырыбында сурет байқауын және жоғары сынып оқушылар арасында Не? Қайда? Қашан? атты интеллектуалдық сайыс өткізді. «Жас Ұлан» республикалық бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына қабылдау салтанатты жиыны өткізілді. «Жас Қыран» ұйымына өз өтініштері бойынша 2 және 3 сыныптардан 18 оқушысы қабылданды. 25 қазан – Республика күнінің жаңа ұлттық мереке ретінде қоғамдағы тарихи мәртебесін бекіту мақсатында қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінің ұйымдастыруымен оқушылар арасында «Қыран елім – Қазақстаным!» атты жаппай эссе жазу акциясы ұйымдастырылды. «ҚЫРАН ЕЛІМ-ҚАЗАҚСТАНЫМ!» атты оқушылар арасында әскери-қолданбалы спорт түрлері жарыс өткізілді. Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толуына орай мектеп кітапханашылары оқушыларды "Жақұты барға жасын түспейді" атты кітап көрмесімен таныстырды және танымдық сағаты өткізілді. «АРАЙЛЫ, АЛТЫН КҮЗ!» атты тақырыпта 9 сыныптар арасында күзгі бал өткізілді. «Жас ұлан» ұйымының ұйымдастыруымен уған жердің тарихы» тақырыбы аясында оқушылардың күзгі демалыс күндерін тиімді өткізу мақсатында аудандық мұражай мен Жеңіс паркіне саяхатқа барып, өткен тарихымыздың жәдігерлерімен танысып, жақсы әсер алып келді. «КҮЗ КЕРЕМЕТІ» атты тақырыпта 3-5 сыныптар арасында күзгі көрме өткізілді. "Алтын күз" мерекелік іс - шара аясында 1 және 2 сынып оқушылары арасында «МЕН ЖӘНЕ КҮЗ» атты ұйымдастырылған онлайн фото байқауы өткізіліп, барлық оқушылар жоғары деңгейде атсалысып, қатысты. "Оқуға құштар мектеп - оқуға құштар ұлт" жобасын іске асыру мақсатында бастауыш сынып оқушылары күзгі демалыс уақытын тиімді пайдалана отырып 3 - сынып оқушылары арасында " Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ" сайысы болып өтті. №97 орта мектебінде қыздар күніне орай «Қыз қылығымен сүйкімді» атты тақырыбында қыздар жиналысы болып өтті. «ТӘРБИЕ - ТАЛ БЕСІКТЕН БАСТАЛАДЫ» тақырыбында 9-10 және 11 сынып оқушылар үшін мектепшілік жиналыс болды. №97 орта мектептің 4-5 және 9 сынып оқушылары «Біз есірткіге қарсымыз» атты ұранымен флешмобы ұйымдастырылды. 20 қараша - Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне орай мектеп кітапханашысы, арнайы педагог және мектеп психологінің ұйымдастыруымен "Әрбір бала бір

жұлдыз" атты танымдық сайыс өтті. 20 қараша - Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне орай «Бақытты балалық шақ» тақырыбында бастауыш сынып оқушылары арасында сурет көрмесі ұйымдастырылды. «Дүниежүзілік балаларды қорғау» күні аясында 5-9 сынып оқушылар арасында кибербуллинг, буллинг пен зорлық-зомбылық тақырыбында сыныптан тыс жұмыс жүргізілді. «Жас Ұлан» ұйымы мен «Мектеп Парламенті» ұйым оқушыларының «Ұлттық валюта- төл теңге» атты тақырыбындағы сынып сағаты өткізілді. «Мейірімділік керуені» қайырымдылық акциясы аясында, мектебіміздегі осал топтағы отбасы балаларына көмек жасаған демеушілерге мектеп ұжымы атынан «Алғыс хат» табысталып, ата-аналардың жылы лебіздері жеткізілді. "Баспалдағы білімнің, бастауыштан басталған" атты апталығында сыныптан тыс өткізілген іс-шаралар өткізілді.

Мектептегі психологиялық қызмет бойынша. Психологиялық қызметтің жылдық жоспары, бұйрықтар шығарылып, лауазымдық міндеттер дайындалды. Оқушылардың психологиялық картасы жинақталды. Мектеп бойынша 1 – 11 сынып ата-аналарының жыл бойы баламен жүргізілетін жұмыстарына келісімін алу мақсатында қолхат таратылып, жинақталды (психологиялық қызметтің жылдық жоспарға сай жұмыс жүргізуге қарсы болған ата-ана жоқ). «Отбасы – мектеп» жобасы аясында психологиялық қызметтің ұйымдастыруымен баламен дұрыс қарым-қатынас жасауына ықпал ету, баланың даярлығын бағалау, бала тәрбиесінде жауапкершілікті арттыру мақсатында 1 және 5 сынып ата – аналармен «Отбасы – Отанымыздың ошағы» тақырыбында тренинг өткізілді. «Бірінші сынып оқушыларының мектепте оқуға бейімделуі», «5-сынып оқушыларының бейімделу ерекшеліктері», «Балалар үшін бірігейік» тақырыбында ата – аналарға жадынамалар таратылып, ақпараттандырылды. "Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидалары туралы" және Ұлттық білім Академиясы ұсынған "Білім беру ұйымдарының білім алушылары арасындағы аутодеструктивті мінез - құлықтың алдын алу" бағдарламасы туралы мектеп әкімшілігі мен сынып жетекшілерге, мектеп мейіркешіне түсіндіру жұмысын жүргізді. 5 – 11 сынып оқушылары арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алуға байланысты сынып жетекшілер бірлестік отырысында психологиялық кеңес берілді. Кеңес барысында сынып жетекшілерге сыныбында мінез-құлықта өзіне тән емес өзгеріс пайда болған оқушылар болса психологиялық қызметке хабарлама беру туралы айтылып, сонымен қатар, оқушылардың әлеуметтік желідегі парақшаларының үнемі бақылауда болуы туралы ескертілді. «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың ролі» тақырыбында өткізілген мектепшілік ата-аналар жиналысында мектептің психологиялық қызметі ата-аналарға «Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу жолдары» тақырыбында топтық кеңес жүргізіп, ақпарат берді. «Баланың психикалық тұрғыдан сау болуы, оның толыққанды сау болуының кепілі. Өз балаңыздың бойынан қандай да бір өзгеріс байқаған жағдайда және қандай өзгерістер пайда болатындығы» жайлы түсіндіріліп, осындай жағдай орын алса, мектептің психологиялық қызметіне хабарлама беру туралы ескертілді. Мектеп оқушыларының психикалық саулығын сақтау және нығайту жолында бірлесе жұмыс жасағанда ғана балалардың өмірінің қауіпсіздігін сақтауға болатындығы айтылды. Сонымен қатар, отбасы тәрбиесінің құндылығын, бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орнының ерекшелігін ұғындыру, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында «Ата – ана, балаңыздың қайда, кіммен жүргенін білесіз бе?» атты тренинг жүргізілді.

1-11 сынып ата-аналарына «Балалар үшін бірігейік» тақырыбында WhatsApp әлеуметтік желісі арқылы жадынама, кеңестер жіберілді. Сондай –ақ «Бірінші сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық қолдау көрсету жолдары» тақырыбында WhatsApp әлеуметтік желісінде жадынама таратылды. Психологиялық кеңеспен танысқан ата-аналар чатта кері байланыс берді. 5-сынып оқушыларын орта буынға бейімделу кезеңінде психологиялық дайындығын зерттеу мақсатында, «Менің сыныбым» әдістемесі, мектепке, оқуға деген қызығушылығын анықтау мақсатында «Оқу мотивациясын анықтау» сауалнамасы, қобалжуды анықтау мақсатында «Филлипс» сауалнамасы алынды. Әдістеме нәтижесі өңделіп, орта буынға бейімдеуге қолдау көрсету мақсатында 5-сынып оқушыларымен «Бесінші сынып дегеніміз не?» тренингі жүргізілді, және оқушылардың бойларындағы қабілетін аша білу, бір-бірімен жақсы қарым-қатынаста болуын қалыптастыру мақсатында «Менің қолымнан бәрі келеді» тақырыбында психологиялық тренингі өткізілді. 7 - 8 сынып оқушыларымен жанжал жағдайларында мінез– құлықтың сындарлы амалдарын дамыту, сенімділік тәжірибесін толықтыру, құрбыларымен зорлық-зомбылықсыз өзара сыйласымды қарым-қатынас жасауға

дағдыландыру мақсатында «Пікірталас – жанжал емес» тренингі өткізілді. «Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау» мақсатында 5-11 сынып оқушыларынан «Dass», «НСВ-10» әдістемесі алынып, 5-6 сыныптар бойынша НСВ -10, 7-11 сынып бойынша «Dass» шкаласы жүргізілді. 11-сынып оқушыларына емтихан алдындағы оқушылардың қобалжу сезімін басып, бойына сенімділік беру мақсатында «Бәрі сенің қолыңда» тренингі жүргізілді. Оқушылармен сергіту сәті ретінде шаттық шеңберіне тұрып, «Кім» жаттығуы жүргізілді. Балалардың қорқыныштарын, үрейлерін басу мақсатында «Баспалдақ» жаттығуы, «Бәрі сенің қолыңда» жаттығуы жүргізіліп, тілек сандықшасына өз тілектері жазылған парақшалар салынды.

«Зорлық – зомбылықтың, аутодеструктивті мінез – құлықтың және құқықбұзушылықтың алдын алу» мақсатында «Кәмелетке толмаған балалар арасындағы зорлық – зомбылықтың, құқықбұзушылықтың алдын алу» мақсатында 2023 – 2024 оқу жылына арналған ДТЖО, педагог – психолог және әлеуметтік педагогтың бірлескен жұмыс жоспары жасақталып, бекітілді;

Мектеп әкімшілігінің басқаруымен «Қауіпсіз мектеп» аумағы ұйымдастырылды.

«Балалар үшін бірігейік!» ата – аналарды ақпараттандыру жүргізілді. Оқушылардың психикалық саулығын бағалау шкаласы бойынша оқу жылында 2 рет (күзде, көктемде) аутодеструктивті мінез – құлықты анықтауға арналған сауалнамалар алынып, анықталған «психологиялық қолдау тобы», «мектепшілік бақылауға» алынған оқушылар арнайы мамандарға жолданып, психокоррекциялық жұмыс жүргізілуде. Бопсалау, қатігездіктің, құқықбұзушылықтың және зорлық зомбылықтың алдын алу мақсатында 5 – 11 сынып оқушылары арасында «Сіз өз құқығыңызды білесіз бе?» атты анонимді сауалнама жүргізіліп, интерпретациясы жасалынды. 6 – 8 сынып оқушыларына «Буллинг, кибербуллинг туралы сөйлесейік» тақырыбында семинар – тренинг өтілді, психологиялық кеңестер берілді. Бала еңбегін пайдалануды болдырмау мақсатында мектеп оқушыларының компьютерлік құмар ойындарға тәуелділігін, түрлі әлеуметтік желілерге әуестігін болдырмау үшін ата – аналарға «Түнгі қаладағы балалар» акциясы аясында рейдтер, профилактикалық шаралар ұйымдастырылғаны жайлы хабарлама жасалып, оқушы қауіпсіздігін жауапкершілікке алу жөнінде ата- аналардан қолхат алынды. Қиын жағдайда қалған балалар мен жасөспірімдерге қолдау және көмек көрсететін қызметтерді ұйымдастыру, жыныстық тәрбие мәселелері бойынша кеңес беретін орындармен байланысу мүмкіндіктері көрсетілетін парақшалары таратылды. Зорлық – зомбылық пен қатігез қараудың қатері бар жайсыз, қиын жағдайда өмір сүретін отбасыларды жіті психопрофилактикалық бақылауға алу жүргізілуде. Зорлық – зомбылық, жыныстық қол сұғылмаушылық қылмыстарына қарсы зияндылығы туралы кәмелетке толмағандардың 8 – 11 сынып оқушыларына «Зорлық – зомбылықсыз әлемді қалай құруға болады? » тақырыбында ой бөлісу, лекция, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Ата – аналар жиналысында 5 – 11 сынып ата – аналарына «Сыныпта буллинг пен кибербуллингті болдырмау мен алдын алуда ата-ананың рөлі» тақырыбындағы презентация арқылы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Мектеп психологы мен мектеп әлеуметтік педагогтың бірлесе отырып, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында Қазалы ауданының білім бөлімінің бас маманы Қ.Ерімбетовтің қатысуымен, жергілікті учаскелік полиция маманы Р.Алуашов және жасөспірімдер қатысуымен оқушыларға кездесулер жасалды. Кездесу барысында құқық бұзушылық және қылмыстық деректері туралы айтылды. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық кодекс баптарына шолу жасалды. Мектеп психологы Г. Шазиндаева интернет желісінің оқушыға кері әсері, буллинг, кибербуллинг, электронды темекі туралы түсініктеме берілді. Бұл кездесу мақсаты мектебіміздегі жалпы жасөспірімдер, соның арасында көп балалы отбасы, толық емес отбасы, толымсыз отбасы балаларының құқық бұзушылықтың алдын алу, өз құқықтарын қорғай алу жөнінде хабарлама жасалды. 7 – 11 сынып оқушыларына «Зорлық – зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбындағы презентация арқылы психопрофилактикалық түсіндірме – хабарлама жасалынды.

Қорытынды:2023-2024 оқу жылында білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дамытуға бағытталған тәрбие жұмысы талапқа сай жүргізілген.

Бағалау нәтижесі: 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен

бірлескен 2024-2025 оқу жылына арналған кешенді жоспары жасалды. №194 30.07.2024 жыл. Тәрбие жүйесінде басшылыққа алынатын құжаттар: 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы; «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы; «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI Заңы; «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы; «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 724 қаулысы; «Балалардың әл-ауқат индексын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 1 ақпандағы № 21-р өкімі; «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы 2 қыркүйек Қазақстан халқына Жолдауы; Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңыздылығын атап, білім беру ұйымдарындағы тәрбие ісіне ерекше назар аударуды тапсырды. Осыған орай 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерді. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл баршаға және әрбір адамға бірдей мүмкіндік беретін қоғамды қалыптастыратын адал азаматтар табанды еңбегімен еліміздің дамуына өз үлес қосқанда ғана мүмкін болады. Озық дамыған мемлекет құру үшін азаматтарымыз жаңаша ойлай білуге және жасампаздыққа ұмтылуы қажет. Осыған орай жастарды тәрбиелеу «Адал азамат» идеясымен үндеседі. Бұл балалар мен жастардың бойында әділдік пен жауапкершілік, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық құндылықтарын дарыту арқылы адал еңбек пен қоғам игілігін алдыңғы орынға қоятын, адал, әділетті азаматтарды тәрбиелеуге бағыт береді. Ал, «Әділетті Қазақстан» идеясы әрбір азаматқа өзін-өзі жүзеге асыруға және табысқа жетуге бірдей мүмкіндік беретін қоғам құру мақсатын көздейді. Бұл мақсатқа жету үшін балалар мен жастардың бойында тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, заң мен тәртіп құндылықтарын дамытуды қажет етеді. «Озық ойлы ұлт» идеясы балалар мен жастардың бойында білімге құштарлық, шығармашылық және инновациялық ойлау, кәсіби даму, бірлік пен ынтымақ құндылықтарын дамыту арқылы өзгерістерге бейімделіп, инновациялық технологияларды ұтымды қолданатын ұлтты қалыптастыруға бағытталады. Демек, қазіргі әлемнің сын-тегеуріндеріне дайын азаматтардың жаңа буынын тәрбиелеу «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» үштағанымен сабақтасады. Бұл әрбір азамат өзінің маңыздылығын, жауапкершілігін және ортақ іске қосқан үлесін сезінетін әділетті, дамыған және инновациялық қоғам құруға мүмкіндік береді. Аталған идеялар мен құндылықтар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) негізіне айналады. Бағдарлама құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдері негізінде білім алушы тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін негізгі мақсат пен міндеттерді айқындайды. Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев озық дамыған мемлекет құру өскелең ұрпаққа тікелей байланысты екендігіне тоқталып, оларды тәрбиелеуге ерекше назар аудару міндетін қойды. Ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын:

- тәуелсіздік және отаншылдық
- бірлік және ынтымақ
- әділдік және жауапкершілік
- заң және тәртіп
- еңбекқорлық және кәсіби біліктілік
- жасампаздық және жаңашылдық құндылықтарын саралап, бала тәрбиесіндегі басты бағдар ретінде айқындады. Ұлт болашағы балалар мен жастардың бойына қандай құндылықтар

сіңіретініне байланысты, сол себепті өскелең ұрпақты тәрбиелеу – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі. Сондықтан «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы елімізді жаңартатын «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу» ұстанымына негізделеді.

Бағдарламаның мақсаты:

қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру; өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу. Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру: басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу; өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу; еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру; біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу. Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау: әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету; білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру; ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету; отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Қыркүйек-еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы бойынша 1 қыркүйек – «Білім күні» 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні Білім күні.«Мектеп – мейірім мекені!»Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Тілім менің ғасырларға аманат» (А.Байтұрсыновтың туған күніне орай) Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру. Жол қауіпсіздігі Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» челленджі Буллингтен қорған Қауіпсіздік сабағы (10 минут) Еңбек түбі береке.Қауіпсіздік сабағы (10 минут) 2024-2025 оқу жылы бойынша . Биылғы оқу жылында барлық бала оқумен қамтылды. Қамтылмай қалған оқушы жоқ. Осы оқушылармен 11 сынып жетекші жұмыс жасайды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрілігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын » іске асыру бойынша жұмыстар алдағы уақытта жүргізіледі. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам-Адал еңбек-Адал табыс» атты үшінші отырысында маңызды бастамалар көтерді. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан-Адал азамат-Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады.Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің 2024 жылдың 30 шілдедегі №194 бұйрығын басшылыққа ала отырып, тәрбие жұмысының жаңарған бағдарламасымен жұмыс жасайтын боламыз. №97 орта мектеп бойынша оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңес- (ары қарай –кеңес) мектептің өзін-өзі басқару органдарының бірі. Кеңес құрудағы мақсат-мектеп оқушыларының құқық бұзушылыққа қайшы әрекеттеріне қарсы тұру, сонымен қатар саналы тәрбие, сапалы білім алуына жағдай жасау.Кеңес құрамына:

1. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: А.Жәди
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Н.Тағыбай
3. Мектеп психолгы: Г.Шазындаева
4. АӘД пәнінің мұғалімі: А.Ахша
5. 11 сынып оқушысы: Н.Халық

Кеңес жұмысына талқыланатын мәселелерге қатысы бар қызметкерлер, ішкі істер органдарының және денсаулық сақтау мекемелерінің қызметкерлері қатыса алады.

Мектеп ұжымының ұйымдастыруымен «**Мектепке жол**» акциясы аясында аз қамтылған 5 отбасыға 5 оқушыға мектеп формасын алып беріп демеушілік жасады. Сонымен бірге жеке кәсіпкер Базарбай Жалғас екі отбасының балаларына қаржылай қайырымдылық көмек көрсетті

30,000 мың тенге. АГРО-ӨРКЕН ЖШС директры М. Есхожаев мектептің 10 оқушысына қаржылай қолдау білдірді 100,000 мың тенге.

